

№1 Махамбет жырларында Исатай бейнесін сомдаудағы ақынның тіл шеберліктерін мысалдар арқылы талдап жаз.

Аумалы төкпелі заманда, қара бала қара қазан қамы үшін дүйім жұртты артынан ерткен Махамбет еді. Махамбет – көтеріліс туын көтерген жалынды үгітші, әрі ардақты ақын. Еліне емірене қызмет етуді бүкіл ғұмыр тіршілігінің мазмұны деп білген Махамбет, қолына қоңыраулы найза алып, асқақ жырымен Исатай басшысының соңынан ерді.

Махамбет – ел үшін еңіреген ерді аңсаған, соған бар ақындық жүрегін арнаған. Ол: «Асқар елдің баласы, жауды көрсе шыдамай, көзін салар қияға», – деп бүкіл поэзиясына ерлікті ту етті. «Қарада да қара бар, хан ұлы басып өткіссіз», – деп елі үшін қан майданға тайсалмай түскен қайыспас қайсар, қара қазақ қамы үшін халықтан туған ер ұлды жырлаған, соны өнеге еткен, соған асыл сөз маржандарын тізген. Махамбет «қазанаттан туған қаз мойын, ауырдан туған жампозды» Исатай бойынан көрген. Сондықтан да оның жырларында Исатай тұлғасы ерекше бейнеленеді. Ал Махамбеттей өр ақын Исатай бейнесін сомдауда қандай тіл шеберліктерін қолдана білді? Оны ерлігін қалай жеткізе білген?

Ақын оның ерлігін «Арыстан еді-ау Исатай, бұл фәнидің жүзінде, арыстан одан кім өткен?!» деп суреттейді. Ақын, әсіресе, «Тарланым» деген өлеңінде алуан сөз образдарын қолдана отырып, Исатай батырдың сом тұлғасын жасаған. Ең алдымен, Исатайды қол жетпес «таудан мұнартып ұшқан тарланға» балайды. Махамбет оның арыстандай қайратты тұлғасына орай көркем сымбаттын: «Кермиығым, кербезім, керіскендей шандозым...Қырмызыдай ажарлым», - деп суреттейді. Исатайдың сыртқы сұлу пішінімен бірге, «теңіздей терең ақылдым, тебіренсе ауыр мінездім» деп, оның сабырлы, ойлы, парасатты жан екенін, тек батыр ғана емес, «хиуадай базарлым» деп сері екендігін де көрсетеді. Оның ақбөкендей ойнаған Ақтабан аты да, асынған қаруы да ақын назарынан тыс қалмайды:

«Мінгені Истайдың Ақтабан аты ай,
Сүт беріп, сұлы беріп баптағаны ай...
Ақтабаны астында,
Дулығасы басында...» – деп қас батыр кейпінде мүсіндеген.

Махамбеттің Исатайды сонша дәріптеуінің, менің ойымша, негізгі түйіні – «қызғыштай болған есіл ердің» тек ерлігінде не жолдасты тастамайтындығында емес, сол ерлікті патшаға, ханға, билерге қарсы, еңбекші бұқараны жауыздардың қанды шеңгелінен босату үшін жұмсағанында еді деп білемін. Махамбет Исатайды халық қам үшін белдескен ер, батыр, ел басшысы, қамқоры етіп суреттейді. Ақынның: «Ағайынның басы еді, алтын ердің қасы еді. Исатайды өлтіріп, қырсықта шалған біздің ел» деуі де содан. Өйткені, Исатай – ел басшысы.

Қорытындылай келе, Исатайға арналған Махамбет өлеңдерінде батырға деген асқан сүйіспеншілік, терең сезім шынайылығымен, мөлдірлігімен оқырманды сүйсіндіреді. Исатай бейнесі ақын жырларында асқан көркемдікпен, шеберлікпен өрнектелген. Сонымен қатар, қазақ әдебиетінде адам образын сомдауда Махамбет тамаша шеберлік таныта білді деуге болады.

№2 Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романындағы Қайрош бейнесін берудегі автор шеберлігін сипаттап жазыңыз.

«Ғабит Мүсірепов ардақты тұлға. Мүсірепов туралы мың сөзден «Мүсірепов» деген сөздің мағынасы әлдеқайда терең, мазмұны ерекше бай. Демек, Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ, Мүсіреповпен мақтану керек», – деп З.Қабдолов айтқандай, кеңестік дәуірде кең өріс жайған, көпжанрлы, биік профессионалды қазақ әдебиеті шеберлерінің алғы шебінде Ғабит Мүсіреповтің есімі аталады. Оның қаламынан көптеген қызықты әңгімелер, новеллалар, очерктер туды. Сондай туындыларының бірі – «Қазақ солдаты» романы.

«Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай–қарай зытып келе жатқаным – қашып келемін, артыма қарай беретінім – қорқып келемін» деп шығарма басын жазушы сиыр айдап жүрген Қайроштың сөзімен бастап, оның соңында ержүректі, қайсар батыл тұлға болғанын әңгімелейді. Қайрош – романның басты кейіпкері. Ол – Кеңес Одағының батыры Қайырғали Сыпағұлов болып табылатын Қайрош Сарталиев еді. Ал осы кейіпкердің образын жасауда жазушы қандай шеберлік танытты? Қайрош бейнесі қалай сомдалады?

Біріншіден, Қайрош, ол – қысылшаңда жол табатын, басқа ажал қаупі төнген қиын қыстау шақтарда еңсесін түсіп езілмейтін, сонымен қатар, қайғы мұңға болй алдырмайтын жігерлі жауынгер. Романда соғыс шындығының талай қиын өткелдері, жауынгерлер басынан өткен талай қатерлі сынақтар көрсетілген. Осы қысылтаяң кездерде Қайрош үнемі сабырлы, байсалды қалыпта көрініп, қиындықтан шығудың жолын тауып отырады. Ер мінезділігімен, алғыр ойымен батыр тұлға әрдайым серіктерін сүйсіндіріп, оларға үлгі болып көрінеді. Мәселен, романда Қырым жағасында соғыс сипатталған бір сәтті көз алдымызға келтіріп өтелік. Сол бір қилы заманда совет сарбаздарының оқ дәрілері де азайған, азық түліктері де таусылған, көп күн ұйқы көрмей қажып шаршаған кездері болатын. Осы қатаң шайқаста Қайроштың көр серігі, жан жолдастары ерлікпен қаза табады. Толстов, Гришин, Қайрош үшеуі ғана тірі қалады. «Егер жау берілмесе, оны құртар болар», міне, дұшпанмен қанды шайқас үстінде әр совет жауынгерінің көкейінде сайрап жатқан сөз осы еді. Дұшпанға қарсы ерлікпен күресу үшін жауынгердің бойында Отанға деген зор махаббат болуымен қатар, оның оттай жүрегінде дұшпанға деген ызалы өшпенділікте лапылдап жанып тұруы керек. Ғ.Мүсірепов Қайрош пен оның майдандастарының ерлігін суреттегенде, олардың бойындағы осы қасиеттерді толғана ашып отырады. Шығарманы оқығанда оқушыны өзіне баурап, оны ерлік сезімге бөлеп отыратын салалары да, міне осында еді.

Екіншіден, көркем шығарманың, оның кейіпкерлерінің толық ашылу қасиеті оқиғаларды таңдап алумен, шебер композициясымен, характерлердің шыншылдығымен ғана шектеле бермейді. Сол себептенде, «Қазақ солдаты» романында тілдік шеберліктің неше алуан жарқын, әрі сәтті мысалдарын кездестіруге болады. Мұнда мінез бен тұлғаны жарқ еткізіп аша түсетін диалогтарда, ішкі жан дүниесін танитын монологтар да, жанды бейнедей елестейтін табиғат суреттері де аз емес екеніне көзім жетті.

Қорыта келе, «Қазақ солдаты» романы – Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндерінің шындығын бейнелейтін туынды болып табылады, Ал жазушының бақыты мен мәртебесі халықтың оған деген сүйіспеншілігі мен сенімінде, аталмыш шығармаларының жержүзілік даңқа ие болуында деп ойлаймын..

«Жауынгерді айналдырып құрышқа,
Тайсалмастан кірген талай ұрысқа
Ұрпағына үлгі болған ғұмырын
Ұқсатамыз жарқылдаған қылышқа»

Бұл қазақ солдаты – Қайырғали Смағұлов.

№3 Жамбылдың «Алғадай туралы әрбір ой» өлеңі мен Абайдың Әбішке арнаған өлеңдерінің жазылу стилі мен мазмұнындағы үндестікті салыстыра талдап жазыңыз.

1941-1945 жылдар аралығында неміс фашистерімен болған соғыс зардаптарын арқау еткен Жамбыл «Өмір мен өлім белдесті», «Ленинградтық өренім» т.б. өлеңдерімен қатар, соғыста мерт болған сүйікті баласы Алғадайға арнаған бірнеше өлеңдері бар. 1942 жылы майдандағы баласы Алғадай хат жазып, елі мен жері үшін қалай қан төгіп жүргенін баяндайды. Жамбыл ақын оған былайша жауап қайтарады: «Балам, хатыңды оқып, халіңді білдім, соған қуанып отырмын. Сұраншы, Саурық секілді қаһарман болыпсың. Жамбылдай әкеден тудың, сондықтан аянба. Осы жырымды майдандағы барлық ерлерге жеткіз»,—дейді. Алайда сүйікті ұлының қазасы ақынның жанжүрегін жылатады. Ұлын жоқтаған әке жүрегінің зары былайша төгіледі:

Алатауды айналсам,
Алғадайды табам ба?
Сарыарқаны сандалсам,
Саңлағымды табам ба?
Өлім деген у екен
Мендей кәріп адамға...

Алғадайдың ұлы Қуанышты қам көңіліне жұбаныш тұтып, ес жинағандай болады. «Ата әлдиі» өлеңі – атаның немересіне деген осындай көңілін, атаның болашаққа, өзінің артынан еріп келе жатқан ұрпағына тілек ниетін танытады.

Абайдың Әбдірахманға арнаған өлеңдерін тұтас алып қарасақ, бұндада бауыр еті баласынан айырылған әке күйзелісі, ақынның көңіл–күйі, қайғысы мен жүрегін жарып шыққан тебіренісі көрінеді. Дегенмен арнау өлең түгелдей біркелкі емес. Сондықтан Әбдірахманға арналған өлеңдерді екі топқа бөліп қараған жөн. Алғашқы топқа – болашағынан көп үміт күттірген Әбдірахманның аяқ астынан науқастанып, емханада төсек тартып жатқан кезде хат түрінде жазған өлеңдері жатады. Бұнда ақынның сырқат баласының халіне ортақ болып, тағат таппай қиналған сәттердегі жүрек сезімі, оның тезірек ауыр дерттен айығуына қанаттандырып, жазылып шығады деп сенім білдірген үмітті сөздері жыр болып төгіледі. Екінші топқа, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген баласы Әбдірахманның қайтыс болған кезде мезгілсіз қазасына қайғыру үстінде шығарған өлеңдерін жатқызамыз.

Ал осы екі ақынның баласынан айырылған кездегі жан жарасы анық бейнеленген өлеңдердің өзара үндестігі қандай? Оларды не байланыстырады?

Менің ойымша, бұл өлеңдер қазақ салтына жататын жоқтау өлеңдері болып табылады. Сонымен қатар, болашағынан көп үміт күттіретін асыл азаматтан айырылған кездегі әке зары мен пешенесіне жазылған тағдырды қабылдай алған ата ананың қайсарлығын көруге болады.

Қорыта келе, өзі мәпелеп өсірген баласының асыл қасиеттерін сипаттай отырып, өзінің артынан ерген ұрпағына аманат етуі – осы екі өлеңнің ұқсастығы мен негізгі түйіні дер едім.

№4 А.Байтұрсынов пен Абай аудармаларының арасындағы үндестікті дәлелдеп жазыңыз.

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысының әйгілі Торғай атырабындағы атақты Ақкөл жағасында дүниеге келген.

Ахмет Байтұрсынұлының «қазақтың бас ақыны» деген мақаласы абайтанудың ғылым ретінде қалыптасуына қосылған үлкен үлес. Мұнда Абайдың Петерборда басылып шыққан тұңғыш өлеңдер жинағы талданып, оның ақындық шеберлігі пайымдалады. Абай ақындардың ақыны екенін айта келіп, мақаланы «одан асқан бұрынғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деген түйіннен бастау тың, аса ұтымды пікірге балаймын. Бұл мақала күні бүгінге дейін өлең сөзді байыптап, бағалаудың үлгісі болып қалып отыр.

Ал осы Ахметтің ақындық бейнесі, сонымен қатар аудармашылығы 1909 жылы Петерборда басылып шыққан «қырық мысал» жинағынан басталады.

«Қырық мысал» – ұлы ағартушының түбірлі, түбегейлі тәрбиелік мақсаты мен мұратынан туған өлеңді шығармалар топтамасы. Кітапқа енген қырық мысалдың біршамасы И.Крыловтан аударылған екен, дей тұрғанымен осы қырық өлеңнің бәрі де оқыған адамға аударма секілді көрінбейді. Мазмұн жағына келсек, әрине, Крылов пен Байтұрсынұлының суреттер шындығы, сол арқылы жеткізген идеясы мен астарлы ойы, ұсынған түйіні біреу. Ол адамдар арасындағы алауыздық пен оның келтіретін зияны. Жалғыз–ақ, осы түйінді орыс ақыны өлеңнің басында айтса, қазақ ақыны бұл ойды таза қазақы мәнде машықпен одан өрбіте келе, көпке өнеге, үлгі ретінде ұсынып, өлеңнің аяғында береді.

«Жиған терген» өлеңі – Абай үлгісінде «Сегіз аяқ» өлеңімен жазылған.

Ал осы өлеңдерін Абай үлгісіне келтіріп, содан өнеге алып жазған Ахмет пен қазақтың бас ақыны Абайдың аудармалары қандай үндестік табады? Олардың не байланыстырады? Ең алдымен, Абай аудармасына зер салып көрелік.

Жастайынан халық ауыз әдебиетінен сусындап өскен Абай, орыс әдебиетімен Семейге оқуға барған кезде алғаш танысады. Бірден қызығып оқып, бас қойып сусындаған шақта өлең үшін шабыт алады. Негізінен өлеңдері есіткеннің жүрегін жігерлендіретіндігі, шығармасының оқыған жанды баурап алатындығы Лермонтовқа үндес келеді. Тек өлеңдерін ғана емес поэмаларынан үзінділер аударып, Пушкиннен қуат алып, қазаққа танымал «Татьяна әнін» жарыққа шығарады. Сонымен қатар, Крыловтан мысалдарда аударған екен.

Менің ойымша, Ахмет пен Абайдың өлеңдерінің, соның ішінде, аудармаларының ұқсастығы мынада тәрізді: екі ақында қазақи тәлім тәрбие берумен қатар, болашақ ұрпаққа деген жақсылық, асыл қасиеттерді өнеге үлгі етіп қалдырған. Сонымен қатар, мақал мәтелдерді ұтымды пайдаланып, ойды таза жеткізгендігі үндестік табатындай.

Қорыта келе, қазақтың бас ақындары саналатын екі ақынның да қай шығармасы болсын, тіпті аудармаларынан да қазақилық пен өнегеге толы мол мұра тұнып жатыр. Бірін бірі толықтырып, бізге, келешек ұрпаққа рухани асыл қазынаны сусындау үшін қалдырып кеткендей.

№5 С.Торайғыровтың «Кім жазықты?» романындағы Әжібайға тән қасиеттерді қазіргі жастардың бойындағы мінез-құлық, қасиеттерімен салыстырып талдаңыз.

Сұлтанмахмұт – адам құқын қорғаушы, азат өмірді аңсаушы жас. Жастардың теңіне қосылып, білім алуына, халқын өрге сүйреп алғыр азамат болып өсуіне тілек қосады.

20 ғасырдың басындағы қазақ ауылының әлеуметтік өмірін кең қамтитын суреттеуде Сұлтанмахмұттың «Кім жазықты?» өлеңімен жазылған романының маңызы зор.

Романның негізгі кейіпкерлері – қазақтың билеуші табының өкілдері. Олардың өсіп, тәрбие алған ортасы, ел басқару жүйесіндегі мінез – құлықтары роман оқиғасының негізін құрайды. Тасболат байдың үш буын ұрпағы (өзі, Әжібай, Қабыш), орта шаруаның өкілі Байбол, ауылдағы жас, жаңа ұрпақтан Әнуар, Күлтай бейнелері айрықша сомдалған. Бұлардан басқа романда аздаған қала адамдары да бейнеленген. Ал шығарманың негізгі идеясын осы бейнелер арқылы берілген.

Сұлтанмахмұт Әжібайға тән қасиеттерді неге айрықша берген? Оны қазіргі жастардың бойынан көре аламыз ба? Ең алдымен Әжібайдың мінез құлқына зер салып көрелік.

Негізінен жазушы Әжібайды жасынан алғыр, зерек, көзінде жалыны, бойында қуаты бар бала еді деп суреттейді. Алайда оны өскен ортасы, ең алдымен бай отбасынан нашар тәрбие алғандықтан жақсы жолдан тайдырып, бұзық жолмен өседі. Ал бұның себебі неде?

Жас болса да алғыр әлі зейінді, пысық баланы әкенің тәрбиесіздігі мен ескі салт сана бұзады. 5 жастағы Әжібайға әкесі 11 жасар Жәмиланы қалыңдыққа айттырады. Оның үстіне Тасболатқа оның білім алып, көзі ашық зиялы болғанын қаламай, оқудан шығарып әкеледі. Ескі әдет заңы бойынша, Жақыптың айттырған жесірін алуға тиіс еді. Міне, осыдан бастап әке мен бала арасында келіспес тартыс басталады. Осының салдарынан үйінен безіп, «кезбе» атанады. Ойлағаны тек ойын сауық пен күлкі ғана болады.

Менің ойымша, осы тұста Сұлтанмахмұт қазіргі қазақ жігіттерінің мінез–құлқын, жүріс тұрысын шенеп тұрғандай. Себебі, қазіргі қоғамда да Әжібайлар аз емес. Олардың бар атқарар жұмысы ата–анасының тірнектеп жиған байлығын шашып, еңбегін күл қылып, сауық сайран құру. Дала мен қалада қыдырып жүріп, ата–анасының үмітін ақтамайды. Сауық күйтеген мағынасыз өмір өткізіп, ең соңында оның аяғы дәл Сұлтанмахмұт сомдаған кейіпкердің өміріндей аяқталуы әбден мүмкін. Себебі, тұрмыста осындай азғындалған Әжібай кейін екі әйел алады, алайда бар ойы мал шашу болған ол бірде біреуімен тату да тұрақты өмір құра алмапты.

Қорыта келе, қазақтың дара жазушысы Сұлтанмахмұт сол замандағы Әжібайды мысал келтіре отырып, бізге, келешек ұрпаққа өнеге қалдырғандай. Сол арқылы тәлім тәрбие беріп, түзу жолдан таймауға, ата ана үмітін ақтап, адал еңбек етіп, үлгілі азамат болуға шақырғандай.

№6 С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы Адақ пен М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасындағы Баян бейнесін салыстыра талдап жазыңыз.

Сәкен Сейфуллин қазақ кеңес әдебиетінің негізін салушы, революционер ақын. Оның поэзиялық шығармалары одан қалған әдеби мұраның негізін саласы деуге болады. Осындай тағы бір көрнекті өкілі Мағжан Жұмабаев. Ол қазақ поэзиясының шолпан жұлдызындай бірі әрі бірегейі болып табылады.

Кеңес үкіметі кезіндегі ауыр жаладан ақталып, шығармасы ел игілігіне айналғанға дейін М.Жұмабаев шығармашылығы, оның ішінде «Батыр Баян» туындысы романтизм саласына жатады. Ал С.Сейфуллиннің халық арасына кең таралып, көкейімізде жатталып қалған поэмаларының бірі «Көкшетау». Бұнда Арқаның ең көрікті, әсем жерлерінің бірі Көкшетауды үлкен шеберлікпен суреттеледі.

Бізге берілген шығармаларда Адақ пен Баянның қандай байланысы бар? Екі кейіпкердің мінезі мен іс әрекеті қандай үйлесім табады? Осыған талдау жасап көрелік

Менің ойымша, көркем әдебиеттен өзіндік орын алған екі шығарма да бірінен бірі асып түсетіндей. Батыр мен Адақтың батылдығы, ержүректілігі, халқының тұлғалы азаматтары болуы осының дәлеліндей.

Пайымдап қарар болсақ, С.Сейфуллиннің поэзиясының күші мынада деп білемін: ол ұлттық мінезін, табиғатпен көркем астасқан мәңгілік жанды жаратылысымен, нақты бейнеленген ақиқатымен ойды баурап, сананы жаулап аларлықтай дер едім. «Көкшетау» поэмасының кейіпері Адақ әділ, кішіпейіл, батыр әрі ермінезді адам ретінде бейнеленеді. Ал Батыр Баян болса, халқының тәуелсіздігі жолында аянбай күрескен ардагер, батыр әрі жан жүрегінде ар мен намыс лапылдаған жауынгер. Екі шығарманы салыстырып қарасақ, мұнда қалмақ қызық жайлы сөз етіледі. Бірі жас қызға қол ұшын берсе, екіншісі керісінше, аяқтай шалғандай болады. Сонда екі кейіпкердің айырмашылығы осыдан көрінеді. Адақ қызға көмектесіп, басына азаттық беріп, бостандық сыйласа, Батыр Баян ар мен намыс жолында сатқындық жасаған қызды қуып жетіп, о дүниеге аттандырады. Алайда, мұнда Батыр Баян ісі арқылы оны біз нағыз азамат екендігін, туған елі мен жері үшін бәріне де дайын екенін көреміз, Ал Адақ кеңпейіл әрі қайырымды мінезімен жақсылықтың символы ретінде көрінеді.

Қорыта келе, міне, олардың мінезі мен атқарған әрекеттері арқылы екі туындының, айырмашылығын, бізге берер мәні мен тәрбиесінің әртүрлілігін байқаймыз. Өте әсерлі психологиялық поэмалар жазушының айтар ойын дөп жеткізгендей.

№7. Ғ.Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романындағы адамдар арасындағы тартыстың әлеуметтік тартысқа ұласуын дәлелдеп жазыңыз

Азамат соғысынан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру және ауылды ұжымдастыру дәуірінің шындығын суреттеуде Ғабиден Мұстафиннің «Дауылдан кейін» атты романының елеулі мәні бар. Қызғылықты да өзіндік сыры мен шыны мол өмір суреттері жазушының төл туындысы арқылы жаңа бір әдеби толқындай жалғасын тапты.

Романның желісімен таныса отырып біз, қазақ ауылының революциялық өзгерістердің құшағына кіріп, кеңестік дамуға бет алу жолдарын терең танып түсінеміз. Дүрбелең кезең белең алып келе жатқан жылдардағы ауылдағы таптар тартысының әсерінен оянып, көтеріле бастаған жалшы кедейлер негізгі қоғамдық жаңа күшке айналғаны айқын көрінеді.

Осындай қазақтың біртуар жазушысының қаламынан туған осындай шығармада адамдар арасындағы тартыс қалай бейнеленген? Бұндай қақтығыстар әлеуметтік тартысқа ұласа алды ма? Романның негізі арқылы саралап, осы сұрақтарға жауап іздеп көрелік. Мұнда қоғамның қарама қарсы екі түрлі таптың күштері сол қалпында өмір сүріп отырса да, екеуінің өміріне кеңес заңы арқылы кірген өзгерістер көзден таса қалмайды. Байлар етек жеңін жинап, қанды

тырнағын ішіне тығып қымсына, үрейлене отырып өз тіршілігін қамтып жүреді. Ал кедейлер тобында бұрын соңды болмаған жаңа өзгерістер жаңа сәулеге ұмтылыс оянып, іздену, ілгері басу байқалады. Бұл процесс ақырындап бай атауын тарих сахнасынан ығыстырып шығаруға дйін жеткізгені көрініс табады. Сондай ақ революцияның бір толқыны жанап өткен қазақ ауылында баяу болса да іске асып келе жатқан осы бір өзгеше тіршілік пен қоғамдық даму, осы негізде халықтық сана сезім мен мінез құлқында туған жаңашылдық, менің ойымша, романның негізгі тақырыбы, әрі жеткізейін деп отырған ойы секілді.

Ғабиден өзі суреттеп отырған өмір шындығын, сол заман адамдарының өміріндегі өзгерістерді терең білетін жазушы есебінде роман сюжетін кейіпкерлердің тағдыры мен қақтығысына құрып дамытады. Сол себепті шығармада алдымен оқиғалар тізбегі емес, адамның іс әрекеті көрінеді. Сол арқылы дәуір сипаты, оның сыры, адам санасындағы өзгерістер ашылып, өз сипатын танытады. Қазақ ауылындағы кеңес жұмыстары ұзақта әрі қиыншылығы қатар жүре отырып іске асады. Байлар мен кедейлердің арасының ара жігін ажырату, кедейлерге таптық мүддесін танытып, өздерін қанаушыларға қарсы күреске шақыру, жасқаншақ қазақ кедейінен саналы күрескерлер тәрбиелеу роман оқиғаларының негізін құрайды деп толыққанды айтуға болады.

Менің ойымша, феодалдық рушылдық салт санамен уланған, күрес жолынан аулақ таптық жік жайында таза ұғымы жоқ ауыл кедейлерінің кеңестік дамуға бірден көндіге алмай, ұзақ қателіктерден кейін ғана өмір сырына көндіге бастағанын кейіпкерлер өмірі мен образдары арқылы анық та айшықты түрде бізге ашып көрсеткендей.

Қорыта келе, Ғ.Мұстафин бұл романы арқылы өзінің өсу үстінде екенін, шеберлігі жетіле, кемелдене түскенін танытты. Әлеуметтік күрескерлердің алға қойған мақсаттары салмақтана, байсалдылық тарта бастағаны аңғартылады. Сол арқылы да бізге сол заманның ащы шындығы мен халық тұрмысының бай картиналарын көзге елестете отырып, дәстүрдің өзіндік ерекшеліктерін, жаңашылдықтың қазақ даласына баяу тарап, әлеуметтік тартысты дөп басып бейнеледі.

№8 Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясындағы кейіпкерлердің мінезін сомдаудағы ерекшеліктерін талдап жазыңыз

Әбдіжәміл Нұрпейісов Қазақстанның халық жазушысы, қазақ әдебиетіне зор үлес қосқан суреткерлердің бірі, қоғам қайреткері. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отаг соғысы ардагері, Оңтүстік және Прибалтика майданында, Луганск түбінде миномет ортасында саяси қызметкер, көптеген шайқастарға кіріп, ерлік танытқан талантты жазушы.

Жазушы өзінің әдебиеттегі алғашқы қадамын бірден сүйікті жанр романнан бастады. Ұлы Отан соғысынан жаңа оралған майдангер іштен тебіндеген албырт шабыты қолына қалам ұстатқанда, ақ қағазға алдымен қанды ұрыстан, өмір мен өлім айқасынан алған әсерлерін түсіреді. Майданнан қайтқан жас офицер Әбдіжәміл туған жерімен қаншама сағынып қауышса, оған деген махаббатын роман жанрының кең байтақ өрісінде шын жүректен жырлап шығуға соншама ынтыққандығын шығармашылығынан айқын аңғартады.

«Қан мен тер» трилогиясы ел, халық, оның әлеуметтік тағдыры туралы шығарма. Уақыты өзгергенімен, заманалық дәуірлігі өзгермейтін туынды екені хақ. Роман Арал теңізі жанында

тіршілік еткен қазақ халқының революция кезіндегі тұрмыс салты, күн көрісі, орыс басқыншыларының зорлығы мен қорлығы бейнеленеді. Сонымен қатар, балық өндірісінің басшысы Федоровтың балықшыдары қиындыққа түсіріп қанауы бай мен кедей арасындағы тап күресі мен әйел теңсіздігін бізге айқын танытатындай. Ал ең басты кейіпкер орташа шаруадан шыққан Еламан образы арқылы Аралдағы барлық балықшылардың тағдырын танытып, бізге ыр кейіпкер арқылы аламдар арасындағы алауыздық пен жауыздықтың өршіп, кедейдің ауыр тұрмысын көз алдымызға келтіпгендей. Міне, осы кезде жазушы шеберлігі айқын танылады.

Менің ойымша, «Қан мен тер» кейіпкерлерінің оқиғаға қатынасын, олардың жан дүниесі арқылы ашуды көздеген шығарма екені анық. Дегенмен де ондағы кейіпкерлері өзіндік ерекшелігімен, мінез құлқының әртүрлігімен дараланып тұратынын танытады.

Қорыта келе, Ә.Нұрпейісовтің керемет туындысы әлемнің көп елдері таныған көрнекті шығармалардың бірі деп айта аламын. Ел, халық, оның әлеуметтік тағдыры дәл беріліп, Арал теңізінің тағдыры арқау болды. Жазушы романда экология мәселесін көтере отырып, жазушының жаңа ізденісі деп айтуға болады.

№9. Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романындағы Әбілқайыр тұлғасын сомдаудағы суреткерлік ерекшеліктерін талдап жазыңыз.

«Үркер» - тарих шындығын, адам сырын, халық тағдырын кеңінен толғайтын кең құлашты күрделі роман.

Бұл романның негізгі тақырыбы – қазақ халқының 18 ғасырдың басында ел тәуелсіздігі үшін жүргізген күресі, ал негізгі идеясы ел мен жердің тұтастығы мен тәуелсіздігі болып табылады. Әсіресе романның бас кейіпкері, әрі өз тұлғасымен жазушыны шабыттандырған Әбілқайыр бейнесі ерекше берілген.

Әбілқайыр тұлғасы көпқырлы, терең сырлы. Оны өзгелерден даралап көрсететін бірнеше ерекшелігін саралап өтсем. Ол – хан, ақылға да, айлаға да жүйрік; тарихи дәуір мен оқиғалардың ең өзекті, мәнді сипаттамаларын саяси әлеуметтік барлық қыры мен сырын өзгелерден терең пайымдайды; халқының тағдыры үшін батыл шешімдер қабылдайды; қайсарлығын таныта отырып, елдің игілігі үшін дұшпандары мен жаударына қасқайып қарсы тұратын ардақты ер деп толықтай айтуға болады.

Алайда жазушы батыр әрі ханның тұлғасын сомдауда қандай суреткерлік көркем бейнелерді қолдана білді? Романды көркем жеткізу үшін Әбілқайырдың қандай ерліктері арқылы жеткізді?

Менің ойымша, Әбілқайырдың алғырлығы мен қайсарлығын романды оқи отырып анық байқайтындаймыз. Ол әуелде бойын жасырып, мұратына жеткізер жолды алыстан барлайды. Іске де, сөзге де мығым келеді. Хан тағына алып баратын ағалық жол басқаныкі болғанымен, ойының саралығы, ісінің даралығы жағынан бұл басқа сұлтандардан әлдеқайда үстем болып өседі. Ол өзінің осы қасиетін байқап қана қоймай, өзгелердің сол қасиетіне көздері жеткенін қалайды. Осы мақсатына сай, ол өзінің өзгелерден артықшылығын тура билердің, ұлыс ақсақалдардың, аты шыққан, халыққа еңбегі сіңген батырлардың көзіне көлденең тартып, көрсете біледі.

Міне, осы кезде Әбілқайыр іргелі мақсатқа қол созғанда осы секілді әрекеттерімен үлкен жетістіктерге жете білгендей.

Сонымен қатар, қашқанын қуып жететін, көздесе атып түсіретін мерген, хас батыр, сом тұлғалы ер, ақыл мен айласы қатар жүретін әділ болып шыққанын көруге болады.

Менің пайымдауымша, жазушының ең әсерлі суреттеп жеткізен жері, Әбілқайырдың халық қамын ойлап, толғанып, бір шешімге келуі – елінің амандығы үшін Ресейге пана іздеп баруы деп білемін. Сондай-ақ романның соңында елі үшін туып, халқына қызмет көрсеткен ердің арманы мақсатына айналып, үміт оты жануы Әбілқайырдың ерекшеліктері мен болмысын түйіндеп тұрғандай.

Романның тағы да бір ерекшелігі деп, ел басына қиын қыстау кезең туғанда, өз жеке басы үшін емес, ел тағдыры деп басын тәуекелге тігіп, игілікті жолын таңдауы. Мұның өзі ханның сыртқы саясаттағы біліктілігі мен алғырлығының белгісі ретінде танылады.

Қорыта келе, алдына мақсат қойып, соған өзінің табандылығы мен қайсарлығы жете білген Әбілқайыр бейнесін жазушы оқырмандарына керемет жеткізе білген деп ойлаймын. Себебі, тек қара басың үшін ғана емес, елім, жерім деп ерлікпен күресіп, мақсатың жолында аянбай еңбек ету керектігін бізге өнеге етіп қалдырғандай болды.

№10 О.Бөкейдің «Қар қызы» повесіндегі реализм мен романтизмнің астасып келуін дәлелдеп жазыңыз.

Романтизм мен реализм бір – біріне қарама қарсы әдеби бейнелеу тәсілдеріне жатпайды. Бірақ екеуі екі бөлек дүние деп қарастырылады. Мысалы, алғашқысы шындыққа жанасымды келсе, кейінгісінің романтикалық сарыны басым. Алайда кез келген шығармада олар ажырамас бірлікте болуы бек мүмкін. Академик Зейнолла Қабдоловтың сөзімен айтсақ, әр суреткер осынау екі әдістің тек біреуімен ғана жазады, екеуінің басын бір жерге қоса алмайды, ол не таза реалист, не таза романтик болуға тиес деп түсінсек қателеспес едік.

Қай кезде жасамасын, бәрібір барлық қазақ жазушылары жайлы осыны айтуға болар еді: бәрінің шығармашылығында реализм мен романтизм астасып жатады. Сөзімнің дәлеліндей, Оралхан Бөкейді алып қарасақ.

Кейбір зерттеушілер О.Бөкейдің шығармашылық өсу жолында «романтизм мен реализмге қарай бет бұру» байқалады дейді. Бірақ осыған қарап жазушы шығармашылығының өсу жолында романтизмнен реализмге қарай толық көшу деп түсіну керек. Алайда жазушының алғашқы қаламынан туындаған шығармаларындағы романтикалық сарын кейіннен реалистік прозаға ұласты деуге әбден болады. Оны біз Оралхан Бөкейдің ескі аңызға орай жазылған «Қар қызы» повесі арқылы талдап көрелік.

Повестегі жас жігіттердің совхозға шөп жеткізу мақсатында шаруашылық сапарға шығуы, жол қиындығымен қатар қыстағы ауыл көрінісі реалистік тұрғыдан суреттелген. Бірақ кейіпкер Нұржанның сол сапарға шыққандағы негізі мақсаты шөп жеткізу емес, аңызға айналып, сағымдай болған қар қызын көру еді. Романтикалық сипат осы кезде толығымен ашылады. Себебі, Нұржанның сезімге бой алдырып, қызды көруге ынтығуы шығармаға ерекше өрнек қосқандай.

Менің ойымша, «Қар қызы» повесінің шыншыл шығарма болып түзілуі автордың көрген түйгені, өз басынан кешкен оқиғалары әсер еткені байқалатындай. Себебі, кейіпкер Нұржанды тани отырып, Оралхан Бөкейдің болмысын анық танығандаймыз.

Қорыта келе, осы оқиғаның жазушы өз басынан өткізгендігін тани отырып, өмірде түйгендерін қорытып, жасақтау арқылы романтизм мен реализм тұрғысында жеткізе алу жазушы шеберлігі екенін айқындайтындай.

№11 М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абайға берілген әке тәрбиесінің негізінде жатқан тұлғалық қасиеттерді дәлелдеп жазыңыз.

Ұлы ақын әрі ағартушы Абай Құнанбайұлының қилы тағдырының мыңмен жалғыз алысқан ғибратты ғұмырын сипаттайтын, бізге ұлы ақынның өмірімен таныстыратын «Абай жолы» романы екені анық. Төрт томнан тұратын шығармада ұлы Абайдың керуен жолындай шұбырған өмірінің барлық кезеңдері бір арнаға тоғыстырылған. Абайдың отбасына, халқы мен жауыз болыстарға деген әр түрлі көзқарасы мен ел арасындағы шиеленісті оқиғалар көрініс тапқан бұл романда әкенің балаға деген ықпалы өз алдына бөлек әңгіме.

Абайдың әкесі Құнанбай өз ортасынан биік, жоғары тұрған жоталы, атын естігенде денең түршігетін азулы тұлға болған деседі. Құнанбайдың Абайдай ардақты азаматтың білім қуып, халыққа пайдасын тигізгенін емес, өз жолын қуып, билік тізгінін оның қолына ұстатқысы келеді. Алайда өмірде бәрі өз дегенің бола бермейтіні анық. Сол себептенде Абай өзінің жаңашылдық бағытын таңдады, елге еңбек етіп, адал нан тауып жегісі келген еді. Алайда бұған қарсы болған Құнанбайдың бейнесі, әдеттегі түсінікпен алып қарағанда, жағымсыз кейіпкер. Бұл расында да солай ма? әлде кері кеткен кер заманның жанкешті жақтаушысы болған Құнанбай тәріздестер жаңаның жолына тосқауыл қойып, жолатпай баққан жоқ па? Бұл түйткілді мәселені де шешіп көрелік.

Негізінен, менің ойымша, Құнанбайдың осындай қатал да әрі салқынқанды, жауыз болып кетуінің бірден бір себебі қолындағы билігі болса, екіншіден өз дегенін баласына да істету деп түсінемін. Өз тұқымы болғандықтан Абайды Құнанбай өзі жаққан болыстықтың алауына тартқысы келді. Бірақта әкенің дегенімен келісіп, айтқанына жүрмейтін жаңашыл Абайдың ұшқыр ойы қазақ даласын надандықтың бұғауынан босатуға деген жұмсалған күш деп есептеймін. Алайда Абайдың осындай дәрежеге жетіп, өркендеуінің себебі әке тәрбиесінде жатқандай.

Әдетте шығармада жағымсыз кейіпкерлердің дәрежесі, дәкір тұстары беріліп, оның залымдық әрекеттері әшкереленіп суреттелсе, бұнда керісінше Құнанбайдың алыстағыны болжай білетін көрегендігі, сөздің түбін түсіреті шешендігі, ашуы мен қайратын қатар ұстайтын, қысырма сұғын қадағанды сілетпей тынбайтын, абдыратпай қалмайтын ақылды әрі сырты суық болғанмен іші жылы кісі екені байқалады. Тек билік қамытын киген қатал әке ұстанымы өзгермеген ғой, шіркін! «Әке көрген оқ жанар» демекші, Абайдың да Құнанбайдай нардың тәрбиесін көргендігі оның бар болмысы, тұлғалық қасиеттерінен, шығармаларымен қатар айтқан ақылы мен жазған насихатынан анық аңғаруға болады. оның

атаның ұлы емес, адамның баласы болуы да, елге танылып, артынан мәңгі өшпес із қалдыруы да осының айқын дәлелі болып табылады.

Сайып келгенде, қазақ үшін әкенің балаға деген тәрбиесі – адамзат болып қалыптасу жолындағы алтын дінгек іспеттес. Ата дәстүрінен аттамаған Құнанбай да баласының адам болып, жалындаған жас болғанын қалағандықтан тәрбиесіне ерекше назар аудара білген. Бұны неде болса тұлғалық даралық деп атағанмыз жөн.

№12 Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы Ақбілек басынан өткен жайлар бүкіл халықтық трагедияның көрінісі екенін дәлелдеп жазыңыз.

Қазақ жазушыларының арасында елеулі орын алатын Жүсіпбек Аймауытовтың қаламынан небір кереметтей дүниелер туған. Соның бірі де бірегейі, өзінді баурап алатын оқиға көркемдігінің бәрі де өмірден алынған туындысы – «Ақбілек» романы.

«Ақбілек» романы – қазақ аулындағы дүрбелең жылдар шындығын, олардың дәстүрі мен тұрмысын, жекелеген адамдардың іс – әрекеті мен қарым – қатынасын, әсіресе, негізгі кейіпкер – Ақбілектей батыр қыздың қуанышынан қасіреті мол өмір жолы жайында мұң мен шер, толғанысы мол сыр да толғайтын туынды. Бір ғана қазақ қызының күрделі тағдыры негізінде әлеуметтік төңкерістер тұсындағы қазақ ауылының өзгеріске ұшыраған кезін суреттеген алғашқы қазақ романдарының бірі десе болады. Сонымен қатар халқымыздың өткен өмір көріністерін, адамдар арасындағы көзқарастар қақтығысып, ел мен жер, келешек күндерге деген үміті мен сенімі серпінмен шабытты, көркем кестеленген. Кейіпкерлердің мінезі мен келбеті, іс әрекеттері нанымды жеткізілген. Ал осы қазақ ауылының басынан өткен жайлар Ақбілек басынан өткен жайлармен қандай байланысы бар? Бұл бүкіл халықтық трагедияның көрінісі бола ала ма? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ ауылының өмір тірлігі, ақ гвардияшылар әрекеті кең көрініс береді. Негізінен романда көрсетілген басты мәселе қазақ қызының күрделі тағдыры мен әйел теңсіздігі арқылы сол кездегі халық тағдырын айқын жеткізуде жатқандай.

Менің ойымша, Ақбілектің басынан өткен жайлардың барлығы да бүкіл халықтық трагедияның бір ұшқынындай. Себебі, қызды ақ солдаттардың алып қашуы, оны қара мұрт офицердің ойына келгенін жасауы бір қыздың ғана емес, бүкіл елдің ұлттық намысына тиетін ауыртпалық. Қыздың бостандыққа ұмтылғанымен, кейін ел бетін көре алмай қиналуы, туған әкесінің Ақбілектен жиіркенуі, атастырған әрі сүйген жігітінің айнып қалуы, ел жұртының біртүрлі аяушылықпен қарауы бәрі де қызын алақанында аялап өсірген қазаққа өлімнен де ауыр жаза. Оның үстіне орысты «кәпір» деп қарайтын ұғым бар. Сол «кәпірдің» қолына түсіп, соған қатын болған деген сөз ауырлата түседі. «Кәпірмен» шатасу діннен безу, арам әрі адал атқа сызат түсіретін нәрсе еді. Ал бұдан құтылатын тек бір жол бар, ол жаңа заман өзгерістері легіне ілесіп, білім іздеп, оқу. Ақбілек осыны пайдаланып, қалаға барып, адам болып, өткеннің қалдығын өткенге қалдырып, көзі ашылады, өзінің бақытын таба алады.

Қорыта келе, бұл шығарма арқылы Жүсіпбек роман арқылы, бір қыздың тағдыры арқылы сол кездеге халық тағдырын жеткізгендей. Қыз басына түскен ауыртпалықты қазақ басына түскен қиыншылық ретінде суреттеп, содан құтылудың жолы жарық сәулеге ұмтылып, білім алу деп бізге жеткізгендей.

13. I. Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасына арқау болған тарихи оқиғаларды дәлелдер келтіре талдап жазыңыз.

Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар тұлға Ілияс Жансүгіровтің жазушылық кемелденуінің сапалық бір белгісі, шоқтығы биік шығармасы «Құлагер» поэмасы.

Бұл поэмада ақын қазақ халқының өмірін, өткен оқиғаларды бейнелегенде даму, өзгеріс үдерістеріне тарихи тұрғыдан қарап, әлеуметтік қоғамдық мәселелерді Ақан өмірі арқылы астарлап жеткізеді. «Тұсында сері болсын, пері болсын, Ұнайды өмірімен Ақан маған!» деп Ақан сері мен оның өмірлік серігіне айналған тұлпары Құлагерді дәріптеп, елге танымал үздік өнер иесінің қайғылы әрі серілік тағдырын дәл суреттейді.

Ілиястың «Құлагер» поэмасын оқи отырып, біз осы шығармаға арқау болған негізгі оқиға Арқаның атақты әншісі Ақан серінің адал серігіне айналған тұлпары Құлагерінен айырылған қайғылы оқиғасы деп түсінеміз. Жауыздық пен қастандықтың құрбанына айналған Құлагерінен айырылу өміріндегі ең ауыр соққы болып тиеді. Алайда, бұл поэма, сырт қарағанда, ақынның сәйгүлігі Құлагерге арналған, соған байланысты туған сияқты. Ақынның өзі де: «Әңгіме Ақан емес, Құлагер ғой, Осыдан бастамақшы ек сөзің басын» деп шығармаға өзек болған Құлагер оқиғасы дегенді ны меңзейді. Бірақта, ақын осы оқиғаны арқау етіп, халық тағдырын қалай суреттеген? Бұнда қандай тарихи оқиғалардың ізі жатыр? Ақын қашанда тарихы терең халықтың өткен замандағы көрген қорлық зорлықтарын айтудағы мақсат бүгінгі ұрпақтың кегін қозғау екенін өзінің нысанасы ретінде ұстағанымен, бұл шығармада тарихтың қанды беттерін толық ашып айта алмайды.

Менің ойымша, бұның себебі бұл поэма жазылған кезде халықтың ұлттық ардақтыларының еңбектерін, ұлттық салт дәстүрін патша үкіметі «ұлтшылдық» деп жариялап, тежеу салуында деп білемін. Сондықтанда жазушы осындай жайттарды астарлап жеткізген деп ойлаймын.

Ал екіншіден, Сағынай асы үстіндегі қазақ тіршілігінің бүкіл әлеуметтік кескінін, сол заманның шындығын, әдет ғұрпымен қатар, қазақтың басынан өтіп жатқан тоталитарлық үкіметтің қыспағын, отаршылдықтың кесірінен көрген қазақ тағдырын, кедейленген шаруалар мен байлардың сараң мінезінде ашып айтады.

Үшінші себебі деп, сол замандағы арам пиғылды адамдардың былғанышты істерін бір адамның бойынан тауып, Балташ сияқты ашкөз, көреалмаушылық қасиеттерін де әшкерелейді.

Қорыта келе, ақынның әр шығармасында құнарлы өзгешеліктер, ізденістің арқасында суреткер тапқан тамаша жаңалықтар астасып келетін бұл туындыда Ілияс ерекше шеберлік таныта білді. Бір жағынан Ақан өмірін арқау етіп, бізді асыл қасиеттерге тәрбиелесе, екінші жағынан бұл оқиға арқылы бізді керуеннің көшіндей ілгері басып бара жатқан тарихтың бір бөлігімен таныстырып, өр рухпен бойымызға жалынды намыс ұялатқандай.

№14. Зар заман ақындарының шығармаларына арқау болған мәселелерді жинақтап, дәлелдер арқылы тұжырымдап жазыңыз.

Бағзы заманнан бері қарай өмір сүрген ақын жыраулар қазақ жеріндегі замана көшінің бағыт бағдарын елден бұрын бағамдап, өмір ағымының беталысын, тіршілік тынысының өзгерістерін дөп басып танып отырған. Іштен, сырттан келетін қауіп қатерлерді алдын ала сезіп білген. Өзгелерден дара туған ақын, өзгелерден ақылы мен бітімі бөлек болуын Тәңірдің берген ерекше қасиеті десек болады. олар қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамыражай заман болса, шабыттанып, ел арасындағы бірлікті ту етіп жырлаған.

Ел басына қара бұлт үйірілген аласапыран заманда отты жырларымен жауларына шоқтай түссе, қалың қазақ әскерін жігерлендіріп, тұтастық пен бірлікке шақырған. Ал туған жеріне жатжұрттықтар сұқтанып жерлеріне көз алартып, шеңгелдеп қол сала бастағанда, жыландай жылжып келе жатқан қасіреттен халқын сақтандырып зарын жырмен төккен. Жат пиғылдардың елдің іргесін ірітіп, ырысын шашып, қазынасын қасықтап таситынын елден бұрын аңғарған да осы «Зар заман» ақындары болатын. Олар алмағайып заманда елдің жігерін жанып, төнген қауіптің бетін қайтар жолында халықты жауға қарсы үгіттеп отырған. Ал отты жырымен көзге түскен ақындардың шығармаларына арқау болған қандай мәселелер? Қазақ деп шырылдаған жыраулардың шығармалары қандай үндестік табады? Осыны бірге талдап көрелік.

Біздің дәуіріміздің 18 ғасырынан бастап көршілес Ресей патшалығы қазақ жерінде өзінің отаршыл әрі озбыр саясатын іске асыра бастайды. Орыстар қазақтарды алдап қармағына түсіріп, жерімізді емін еркін билеп төстеп, елдің шырқын бұзып, шырайлы жерді еріксіз тартып алып, халықты тілі мен дінінен, ата баба заманынан бері келе жатқан салт дәстүрінен бездірмекке әрекет етеді.

Менің ойымша, халық басынан өтіп жатқан дәл осындай мәселелер «Зар заман» ақындарының зарлай төккен жырларында үндестік тапқандай. Әлмисақтан атадан балаға мирас болып, сан ғасырлар бойы қаймағы бұзылмай сақталып қалған ұлттық құндылықтарымыз жан жақтан анталаған жаулардың, әсіресе, орыстардың озбырлығынан өзгеріске ұшырауы әр ақынның намысына тиіп, шырқатпай қоймасы анық. Ел басқарудың жөні сол екен деп басынған орыстардың жасаған әрекеттері сансыз көюейді. Халықты қисынға келмейтін салықтармен, ретсіз алымдармен қанауы, отаршылдық саясаттың белең алуының бәрі де, менің пайымдауымша, «Зар заман» деп аталатын ақындардың шығармаларының басты мәселесі деп толыққанды айтуға болады.

«Зар заман» деп атауының өзі де барлық жағдайды айтып тұрғандай. Себебі, олар сол замандағы қазақ халқының мұң мен зарын, тартып жүрген азабын, көріп отырып, алдағы күнді ойлаған ұлт қайраткерлері алдыға суырылып шығады, елдің мұңын жоқтап, өлеңмен шерін тарқатқан екен. Әр шығармалары үндестік пен рухани байланыс тапқан олардың өлеңдерінде замана тағдыры ащы көрсетілген. Өз заманының тамыр соғысын елден бұрын сезетін, өмір ағысының беталысын алдын ала біліп отыратын дана жыраулардың өлеңдерінің ұқсастығы да осында.

Қорыта келе, зауалы мол заманда ғұмыр кешіп, отарлық езгіге, орыс патшалығының қанауына түскен халық тағдырын запырланды зармен, күңіренген мұңмен жырлай төккен ақындар халық үшін ерен ерліктер атқарып, бізге тәлім тәрбие бергендей. Болашақ ұрпақ

үшін бастарын қатерге тіккен жауынгер жыраулардың әрбір ісі біз үшін үлгі өнеге болуымен қатар әдебиетімізде асыл мұра қалдырып кетті.

№15 Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян» өлеңіндегі замана келбетін сипаттап жазыңыз.

Мұрат Мөңкеұлы қазақ халқының суырып салма ақыны, төкпе жырауы болып табылады. Ол отаршылдық заманында қазақ жұртының қаналып, әбден қажыған сәтінде елдің жарасын жамап, қарапайым халықты өлең жырларымен рухтандырып отырған. Ел тәуелсіздігін аңсап, халықтың бүгінгі мен кешесін сынай отырып, салыстырған. Ал ақынның «Үш қиян» өлеңінде халықтың қара шаңырағы шайқалып, босағасы тари түскендігін қара өлеңінде айқара көрсетіп, баяндай білген. Адам пиғылының арамданып, заманының азғандығын ашына сөз етеді.

«Заманнан заман оралған,
Дүние шіркін соны алған.
Адыра қалғыр бұл қоныс

Қайырсыз екен озалдан – деген бір шумақ өлеңнің өзінде терең мағына жатыр. Сол кезеңдегі адамдардың өзгеруі, бірін бірі сыйламағандығы, тіпті көреалмаушылығы анық байқалады.

Ал осы өлең арқылы замана келбеті қалай ашылған? Біз оны байқай аламыз ба? Мұрат Мөңкеұлы өзінің ақындық дарыны мен заманға қарап түйген ойы арқылы осы өлеңде бізге қоғам өмірін, қазақ тағдырын ашып көрсеткен. Ең алдымен ата баба қанын төгіп қорғап, қол салғызбай мәпелеп келе жатқан жерді тартып алуын:

Еділді тартып алғаны–
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны–
Жағаға қолды салғаны...

– деп ашына айтқан сөзінен замана шындығын байқаймыз. Сол кездің өзінде орыстардың қазақ халқы амалсыздан орыстарға бодан болып, бас бостандығынан айрылғаны жүрекке ауыр тиеді. Ал осы өлең арқылы Мұрат замана шындығын қалай жеткізген? Бұл өлең арқылы біз қазақтардың басынан өткен қиыншылықтарды қалай көре аламыз?

Қазақ халқы ерте заманнан бостандық пен еркіндікті, кең дала төсінде жүрген шағын аңсайды. Осының өзі ақынның өлеңіндегі көріністі аңғартады. Бұндай ащы шындықты жырлайтын толғау арқылы қазақ өмірін, тіпті ішерге ас, киерге киім таппай қиналған адам өмірін көре аламыз. Бастан өткерген қиындығы, көп ауыртпалық көргені, өз үйінде шалқып жүре алмағандығы да байқалады.

Менің пайымдауым бойынша, ақын болашақ ұрпақтың өмірі үшін алаңдаған. Солар үшін уайым кешіп, оларға ешкім қиянат істемесе екен деп күңірене толғанады. « Ащы суға тойдырып, шашын, мұртын қойдырып, ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан ата баба мұрасы бұзылар ма?!» деп қорыққан. Бұның өзі ата бабамыз қиын жағдайда өмір сүрседе, келешектің қамын ойлауы олардың данагөйлігін, көрегенділігін танытады. Құдайға шүкір, қазір біз бейбітөмір кешудеміз. Тәуелсіздік жолында қан төгіп, жанын берген

азаматтарымыздың аңсаған азаттығына біз жетіп отырмыз. Әрине, бұл осы кісілердің арқасы деп білемін.

Қорыта келе, Мұрат Мөңкеұлы өз толғауы арқылы замана шындығы мен қулығын танытып, сол кезеңдегі қазақ халқының құрып кетпей, қаншама қиындықтарға төзе білгені үлкен ерлік деп есептеймін. Ақын сол арқылы бізді табандылыққа ыәрбиелей отырып, еркіндіктің қадірін бағаласын деп дәріптегендей.

№16 Сүйінбай Аронұлының қазақ, қырғыз еліне өткір тілмен, озық оймен танылғандығын мысалдар келтіре отырып, дәлелдеп жазыңыз.

Сүйінбай Аронұлы заманында асқан айтыскер болып танылған дара тұлға. «Ақындардың ақыны,

Айдын көлдей ақылы»,

- деп Жамбыл айтқандай Сүйінбай қазақтың аса көрнекті ақын жырауы.

Қаршадайынан қолына домбыра алып, өлеңді серік еткен жырау зорлық зомбылыққа, әділетсіздікке ұшыраған қара халықтың жақтаушысы болды. Би мен бектің, атқа мінерлердің халыққа жасаған қиянаттарын алмастай өткір жырларымен естен кетпестей етіп бетіне басып, абыройын жер жастандырған. Ел бірлігін, оның тәуелсіздігін, сол жолдағы ерлердің жанқиярлығын талмай жырлаған ақын. Айтыс өнерімен танылып жүрген Сүйінбай тек қазақ елінде ғана емес, қырғыздарда Қатаған, Арыстанбекпен тең түсіп отырған. Ал қазақта Тезек төре, Қаңтарбай, Кескенкекіл, Тәтті қыз, Уәзипа, Жантаймен айтысқан. Өкініші, бұл айтыстардың біразы сақталмаған екен. Алайда осы айтыстардың қай қайсысында да Сүйінбайдың ақындық мұраты айқын көрінеді: байды шенеп, кедейді жақтайды; ел арасындағы бірлікті жырлайды; әділдік пен батырлықты дәріптейді. Бұл айтыстар Сүйінбай Аронұлының сөзге ұтымды, мін тағуға шебер, ақылды шешен болғанының дәлелі.

Халық жадында Сүйінбай ақын ұлт рухын асқақтатар мінезді жырларымен сақталған. Ақын «толғауы тоқсан қызыл тілдің» құдыретін мейлінше молынан пайдаланады. Соның нәтижесінде ақынның сөзі асқақ естіліп, рухы биіктен көрінеді. Ол дауды сөз, жауды батыр алатынын біледі. Бұл оның өміріне серік, өнеріне көрік берген ұстанымы. Ал осындай ақынның өткір тілмен танылған жері қайсы? Қырғыз бен қазақ еліне озық ойды қалай дәріптеді?

«Хандарың отыр қысылып,
«Көппін» деп маған айтпай ақ қой
Баймын десең жетпей ме?!
Асқаралы тау мен едім,
Адырмақ тау сен едің»

деп ақиық қырандай құйылып келіп, даланың жел ілеспес сәйгүлігіндей құйын перен көсіліп, құйғыта шабуында осы мәнер, осы ұстаным арқылы жеткізгенін аңғарамыз.

Сүйінбайдың ең бір дарынды адам екенін танытатын жері Қатағанмен айтысында еді. Жырдың қуаты алпыс екі тамырыңызды кезіп, ішіңізде әлдекім сарыала тілін салқитып тандыр өртеп жатқандай күйге бөлейтін бірден бір айтыс десек те болады. Сондықтанда:

«Шығарма енді үніңді,
Есіңе сақта құлаған,
Қанатың сынған күніңді.
Қырғыз, қазақ жиылып,
Жалпылдатпа мұныңды!»,

деген атақты Қатағанмен болған айтысында басымдылықпен түсіп, Қатағанның абыройын айрандай төгеді.

Қорыта келе, қазақ халқының дара да дана жырауы болып табылатын Сүйінбайдың шешендігі, өткір тілділігі мен озық ойлылығы түркі тіолес тайпаларына таныта отырып, оның асқан ақылдылығын танытады. Сонымен қатар, тек танылып қана қоймай, оның бізге қалдырып кеткен өнегесі мен ақыл өсиеті бізге өмірлік азық іспеттес.

№17 «Таныстыру» поэмасының желісі арқылы Сұлтанмахмұттың қазақтың оқыған зиялылары туралы көзқарасын дәлелдер арқылы талдап жазыңыз.

Жиырмамыншы ғасырдың басында қазақ тарихында елеулі оқиғалар орын алды. Ол қазақ халқының ойы озық, көкіргеі зерделі көрнекті өкілдері ел тағдырына, ата баба заманынан жалғасып келе жатқан еркіндік үшін жан беріскен кезең болды. Сол ғасыр қазақ халқының қоғамдық, әлеуметтік, мәдени және рухани өмірінде болып жатқан өзгерістер мен адамгершілік, демократтық, ағартушылық идеялардың жаршысы болды. Қазақ халқы өзінің іргелі ел болуға, өнер білімге шақырған ақын жазушылардың жан айқайына құлақ түріп, оянуға бел буған еді. Өйткені олардың үні сол заманның талабына сай, халық тілегіне жауап беретін еді. Сонымен қатар, еркіндікті аңсаған қазақтың егеменді ел болуына Алаш деген атты арқалап жүрген зиялылар А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, М.Дулатұлының еңбегі зор. Міне, тәуелсіздік жолында басын құрбан еткен Алаш азаматтарының ерлігін, еліне сіңірген қызметін насихаттай отырып, халыққа таныстыру мақсатында қазақ халқының біртуар ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров «Таныстыру» поэмасын жарыққа шығарды. Ал осы шығармада ақын зиялылар бейнесін қалай суреттейді? Кімді дәріптеп, еңбегін үлгі тұтады?

Қазақ әдебиетінде көрнекті орын алатын бұл поэманы ақын қазақ даласының ұлы тұлғалары Абай, Шәкәрім сынды даналар мен Алашорда үкіметінің қайраткерлері, жүректерінде намыс оты лапылдаған зиялыларын таныстыру мақсатында жазады.

«Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын
Кешегі қара күнде болмап па еді,
Бірі күн, бір шолпан, бірі айым.
Солардан басқа кеше кім бар еді,
Қазақ үшін шам қылған жүрек майын»,-

деп олардың қазақ үшін шырылдап жүрген ерен ерліктерін суреттейді. Сонымен қатар қаламгер өзінің үлгі тұтып, өнеге санайтын Абай мен Шәкәрім туралы ой қозғап:

Абайды дейік биік бұлтқа жетті,
Аз ілімі жетуіне жәрдем етті.
Алты Алашқа атағы айқындалып,
Сүйікті, тағзым мінді, суретті,-

деп Абай атын барлық ақындардың басы деп дәріптеп, оның еңбегін жоғары бағалап биік қояды. Ал Шәкәрімді «ертеден бұл алашқа аты мәлім, ерте оянған кісінің бірі осы» дей келіп:

Деменіз тымақ киген жай бір қазақ
Киген киімі, жүрісі, түріне қарап,
Надандар оны өлшейтін өлшеуің жоқ
Аулақ жүр, біле алмайсың жай шамалап!

деп таныстыра отырып, оған деген көзқарасы жоғары екенін суреттейді.

Менің ойымша, С.Торайғыров бұл өлеңі арқылы бір жағынан Алаш қайраткерлерінің қандай жан екенін, халыққа атқарып жатқан істерінің зая кетпегенін халыққа таныстыру мақсатында жазса, ал екінші жағынан сол қоғамдағы қарама қарсы тұлғалардың іс әрекетін әшкерелей отырып, оларды қаралайды. Себебі, өтірік халыққа жақсы атты болып, сыртынан іс тындырып жүрген, басшылыққа ұмтылған адамдар жайында айтып өтеді:

Топ берме, құр даурықпа, жеңіл ақыл
Көрмегенсіп жүретін жұртты мақұл.
Болмаса ақкөңілсіп жылайтыны
Тіпті ғылым, таланттан бойы тақыр.

Осы арқылы олардың іс әрекеттеріне өзінің қарсылығын білдіре отырып, бізді осындайдан аулақ болуға тәрбиелейтіндей.

Қорыта келе, бұл поэмада қаламгер халықты білімді, ел қамын ойлайтын көшбасшылардың жанына бірігуге үндей отырып, зиялыларды мақтан тұта білді. Бірақ өкінішке орай, бұл шығарма сол заманда ұлтшылдық сарын басым деген атпен жабылып, тек еркіндікке қол жеткізген жылдары ғана өз мақсатын орындай алды деп ойлаймын.

№18. М. Жұмабаевтың «Сағындым» өлеңі мен С. Сейфуллиннің «Сағындым» өлеңін салыстыра талдаңыз

«Қазақ әдебиетінің асыл жауһарларының ішінде бір сыршылдығымен, бірі шыншылдығымен айрықша көзге түсетін талантты ақындардың бірі Мағжан болса, екіншісі Сәкен еді» деп айтқандай-ақ, қазақтың қара маңдайына біткен бұндай дара тұлғалар туған жері мен елінің бостандығы жолында аянбай күресті, ақтық демі қалғанша «Алашым» деп ұлттың азаттығын алдыңғы орынға қоя білген жандар еді. Оның дәлелі, «Сауықшыл есіл елім-ай, Сарыарқа сайран жерім-ай!» деп туған жері туралы жырлаған екі ақынның «Сағындым» атты өлеңінен көруге болады.

Абай үлгісінен нәр алып, өзінің шығармашылық ортасында ақындық бетін айқындап, Міржақып ықпалымен күллі ел жұртқа азаттық келбетін таныта білген Мағжан өмір жолында таза ұлтжанды тұлғаға айналады. Елдің елдігі уыздай ұйыған бірлікте деп түсінген ақын өзін Алаш үшін құрбан етуге даяр тұрады: «Не көрсем де, Алаш үшін көргенім; маған атақ ұлтым үшін өлгенім!» деп тіпті Омбы түрмесіне қамалады.

«Абақты да айдан, күннен жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.
«Қарашығым, құлыным!» деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым», -

деп абақтыда жатқан кезінде ішіндегі мұң шерін өлең арқылы жеткізеді. Бұл өлеңінде ең алдымен туған анасын сағынып зарланса, одан кейін ғұмыр бойы бұлт арылмаған бостандық күнді аңсайды.

«Туған жерді Мағжаннан көп, онан артық суреттеген қазақ ақыны кемде-кем шығар» деп Ж.Аймауытов айтқандай, Мағжан туып өскен жерінің, екінші анасындай болып кеткен табиғат аясын, бауырында өскеннен кейін Сарыарқасын сағынбай тұра алмайды.

«Қазағымды, қалың елді сағындым,
Сарыарқамды сайран жерді сағындым.
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті,
Арқадағы айдын көлді сағындым», -

деп кіндік қаны тамған жерін, оның жан жолдасына айналған жүйрік желіне дейін, атқан таңын, батқан күнін аңсайды. Осы өлең арқылы өзінің мауқын басып, бәрін еске алу арқылы бізге жеткізгендей.

Мағжандай ақынмен қатар тұратын сыршыл сезімге толы, қазақ поэзиясындағы лирик ақын Сәкенде туған даласы Сарыарқаны сағына жырлаған. Ол «Сағындым» өлеңінде:

Мал бағып, шауып ойнаған,
Үйреткен асау байлаған...
Сарыарқа сары белі бар,
Өрісті шалқар белі бар
Сағындым мен аулымды...
Сағындым бейбіт елімді
Сағындым Арқа жерімді, -

деп сағынышын жыр арқылы жеткізеді. Туған дала төсінде жүрген шақтарын сағынып, табиғат аясындағы сезімінің сұлулығы мен тұрақтылығын, оны ардақтау, қадірлеу идеясын жеткізеді.

Ал осындай сыршыл ақындардың, Мағжан мен Сәкеннің өлеңінде қандай үндестік бар? Бұл өлеңдерде ақын адамның ішкі сезімі қалай жеткізілген?

Менің ойымша, ақындар жырларына ғұмыр бойы арқау еткен дала келбеті мен кіндік қаны тамған жері Сарыарқаға деген сағынышын жеткізу, екі ақынның да өлеңдеріне арқау болады. Қазақ поэзиясының жаны мен жүрегіне арналған «Сағындым» өлеңінің тағы да бір ұқсастығы туған жерімен қатар, жүректері Алаш деп соғып, қазақ еліне деген сағыныштарын жеткізуі деп білемін. Елінің бостандығын аңсап, азаттықты аңсау екі шығармада да үндестік табады.

Сөз соңында айтарым, Сәкен мен Мағжан өлеңдеріндегі сөз қолдану шеберлігі екі ақын мұрасын етене жақындастырып тұрғандай. Сонымен қатар, туған жерге, халқына деген махаббатын жырға қосып, елге деген сағынышын білдіру, қазақ топырағындағы жырымен өрнек үлгісін паш ете отырып, махаббатын сағынышы арқылы білдіру Сәкен мен Мағжан жырларында үндестік тауып тұрғандай. Осы арқылы бізге ел мен жерді қастерлеп, қадірлеудің үлгісін көрсетіп кетті.

№19. Ә.Тәжібаевтың «Портреттер» поэмасындағы өмір, уақыт, жаңа адам туралы философиялық толғанысын талдап жазыңыз.

Қазақ совет тарихында көрнекті орынға ие болған ақын жазушының бірі – Әбділда Тәжібаев. Ақынның кең тараған поэмасы «Портреттер». Бұнда заманның көкейкесті сырлары, адамның қат-қабат тағдыры, уақыт алдындағы жауапкершілігі суреттеледі.

Ақын поэмаға эпиграф ретінде Абайдың өлеңінен үзінді алған:

« Сағаттың сықырлауы емес ермек,
Кәмілше өмір сүрмек ол білдірмек ».

Поэманың негізгі идеясын осы жолдар ашып тұрғандай. Автор поэманың тақырыбы етіп бір отбасының өмірін арқау етіп алған. Осы отбасында өтіп жатқан оқиғаларды мысалға ала отырып, бүкіл бір елдегі типтік жағдайды, тарихты нақты бейнелі суреттеген. Шығармадағы әкенің балаға беретін сағаты символдық мәнге ие, жинақтаушылық күші бар көркем бейне десекте болады. Ал осы жазушының туындысында өмір мен уақыт ұғымы қалай көрінеді? Жаңа адам туралы қандай толғанысты ойлар айтады?

Бұл сұраққа жауап беру үшін ең алдымен, уақыттың несімен бағалы екенін талдап көрелік. Негізінен, бала кезімізде көпшілігіміздің ертерек есеюді қалайтынымыз рас. Есейген кезде, керісінше, балалық шақты аңсаймыз. Алайда, күйбең тіршілікке бас ұрып, көп нәрсені аңғармай қаламыз. Қартайған шақта жастығымызды еске алып, бұның қайта қайтып келмейтінін түсінеміз, бірақ әлі де өмірдің тәтті дәмін татып қалғымыз келеді. Немере сүйіп, одан қалса, шөберенің балғын күлкісін есту не деген бақыт десеңізші! Бірақта тағдыр біздің дегенімізге көніп, уақыт артына бұрылып қарамайды. Ол тоқтамай зырғып өте береді. Кез келген адам уақыттың қадірін түсіне бермейді. «Жылдың қадірін емтиханнан сүрініп қалған білім алушыдан сұра. Сағаттың қадірін бірін-бірі күткен ғашықтардан сұра. Минуттың қадірін пойызға кешіккеннен, секундтың қадірін жақынын жоғалтқан адамнан сұра. Ал секундтың мыңнан бір бөлігінің қадірін олимпиада ойындарының күміс жүлдегерінен сұра» деген екен Бернард.

Менің ойымша, жалпы адамдар нәрсенің қадір қасиетін оны жоғалтқанда ғана білетін тәрізді. Мысалға, 11-сынып оқушысының қазіргі жағдайын алайық. ҰБТ-ға үш айдан кем уақыт қалды. Уақыт азайған сайын оның қадірі білініп жатыр. Осы кезге дейін оқымаған оқушы санасына жеткен жағдайда ғана бостан бос зая кеткен уақытының қадірін енді түсінеді және ол осы соңғы жылын барынша тиімді өткізуге тырысады. Қанша жерден қиналса да, берілмей жеңіп шығуға тырысады. Себебі, алдында өмірінің өзгеруіне түрткі болар сынақ күтіп тұр. Ал ол сынақтан нәтиже көрсету – әркімнің өз қолында болуымен қатар уақытын тиімді пайдалана алуында.

«Танимын десең уақыттың ләззат, бейнетін,
Сүйе біл, оның сағатын, әрбір минутын».

Поэманы оқыған адамда не себепті шойын сағатты арқау ете отырып, философиялық толғам жасады деген сұрақтар туындауы мүмкін. Менің ойымша, ақын ескі сағатты негізге ала отырып, уақытты бағалай білуді, оның қадірін түсінуді және де сағаттың үлкеннен кішіге мұра болып қалуы арқылы өмірдің алма кезек ауысатынын аңғартады. Әкесі мен ағасының өмірден өткені басқа да отбасы мүшелеріне ауыр, айықпас қасірет келгенімен уақыт өте келе оның да жарасы жазылып, тірі адам тіршілігін жасайтынын үйрете отырып, олардың орнын балалары басатынын көрсетеді.

Қорыта келе, пенде ғұмыры өлшеулі ғана. Әрбір өтіп жатқан уақыт санаулы. Бір адамдар өмірден өтіп жатса, оның орнын басатын сәби дүние есігін жаңа ашып жатады. «Жазмыштан озмыш жоқ» дегенмен, тағдырдың жазуы болады деген бекершілік, қайта берілген уақытты тиімді пайдалану керек. Міне, поэмадан түйгенім өмірден кеткен адамның орнын жаңа дам басады, өмір жалғасады, сондықтан өміріміздің нағыз дәл осы сәтін бағалай білейік.

№20 Дулат Бабатайұлының Еспенбет поэмасы мен батырлар жырындағы өзара үндестік.

Қазақтың батырлар жырының қайсысын алсақта, бәрінде де ел бірлігі мен Отан қорғау мәселесі бірінші кезекте тұрады. Батырлардың ойы мен арманы ел мұңымен, халық тағдырымен ұштасып жатыр деп М.Ғабдуллин атап өткендей, батырлар жыры ауыз әдебиетінің қомақты да асыл мұрасы. Оларда елін сыртқы жаулардан қорғау, елдігін сақтау үшін көзсіз ерлікке бару мұраты басым. Осындай патриоттық мәні зор дастанның бірі – Д.Бабатайұлының Еспенбет жыры.

Дастандағы басты кейіпкер Еспенбет – батырға тән өзінің жанқиярлық ерлігімен көрінеді. Оны ақын: «Еспенбеттей ер туса, Ер күтетін ел қайда» деген жолдармен жеткізеді. Бұл ақынның елге тірек ер, көсем шықса, халық соның қасынан табылса деген идеясын алдыға тартады. Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол деген аталы сөз Еспенбет бойындағы өр рухтың қайнар көзі болып табылатыны анық. Себебі, оның ерлік ісінің бастау алар кезеңі балалық шағындағы арманы мен үмітінен басталады. Хан-сұлтандар қазан бұзар үй тентекке айналған заманда, ер мен елдің идеясын халық көкейіне жеткізбек болған Еспенбет пен батырлар жырындағы Қобыланды, Тарғын, Алпамыс сияқты қамал бұзар ерлердің арасында қандай үндестік бар? Оларды не байланыстырады?

Қазақтың батырлар жырында қанды тарихи оқиғалардың ізі жатыр. Менің ойымша, ең алдымен оларды біріктіретін күш – халықтың арманы, мақсаты мен мүддесі.

Себебі, мұнда қозғалатын басты мәселе елді жаудан қорғап, Отаныңды адал сақтап қалу. Ал екіншіден, қай жырды алып қарасақта батырлар елін сүйген, атамекенін, халқын, оның ар-намысын қорғау үшін ерлік істер атқарып, тәуелсіздік жолында тек батырлығымен емес, ақыл-парасаты мен тапқырлығын, көрегендігін, мәрттігін өз замандастарына үлгі етіп қалдырады.

Міне, осы жағдайлар батырлар туралы дастандарда үндестік тауып, тізбектей жалғасып келеді.

Қорыта келе, дастандағы Еспенбеттің әрбір ерлігі мен батырлар жырындағы елдік істер бәрімізді таңқалдырып, үлгі болып қана қоймай, елін, жерін жаудан қорғау туралы ойлауға түрткі болады. Мұндай шығармалар егіз туындыдай ұрпаққа мәңгі өнеге болып қалды.

№21 С.Жүнісовтің «Заманай мен Аманай» повесіндегі қарт Томар-Омардың Балзия мен Аманайдың елге жетуіне күмән тудыруының себептерін талдап жазыңыз.

«Заманай мен Аманай» шығармасы бізге Сәукеленің байырғы тарихынан сыр шертеді. Мұнда жетпіс үшке толған, мүшел жастағы әже Балзия мен оның немересі Аманай басты кейіпкерлер ретінде бейнеленген. Себебі, әңгіменің негізгі бөлімі осы екі кейіпкерден басталады. Ол екеуі жер жаннаты Жетісуды іздеп тау аспақшы болады. Бірақ қаусаған кәрі

адамға Жеісуды іздеп не пайда? Неліктен Балзия немересі Аманайға «Сәукеле» тауы жайлы айтты? Әрине, оның бір ғана себебі бар. Ол – Балзияның туылған жері. Аманай да Жетісуда туылған болатын. Бұл шығарманы оқи отырып бізде мынадай сұрақ туындауы мүмкін: Томар – Омар неге Балзияның елге жетуіне күмәнданды? Ол Балзия әжейге кім болып келеді?

Жалпы туындының негізгі ой түкпірі – патриотизм, яғни туған жерге деген сағыныш, туған жерге деген ыстық сезім. Қойылған сауалдарға оралар болсақ, Томар-Омар Балзияның көршісі, жақын араласып жүретін қарт досы десек те болады. Томар-Омар күмәндану себебі – Балзия жетпіс үш жастағы әже, бір өзі кішкентай баланы қасына ертіп алып, ауырып, төсектен әрең тұрып, әрең жүргеніне қарамастан, аштықты ескерместен сонау алыс Жетісуға жолға шығуы еді. Ал Жетісуға барар жолда алдыда биік асу бар. Ол – Сәукеле тауы. Оның басын адам өте алмайтындай мәңгілік мұздықтар алып жатыр. Солай болғанның күннің өзінде де Балзия мен Аманай батылдық танытып, бұл асуды да бағындырады. Аманай тек батыл ғана емес, сөзге берік, ержүрек, ақылды бала болған. Оның сөзге беріктігін «...ішінде қалсын», -деп әжесі айтқанда, ол намысқа тырысып, ешкімге тіс жармағандығынан аңғара аламыз. Оның да жүрек түкпірінде ашылмаған, белгісіз қырлы туған жерге деген махаббаты жатыр. Сондықтан болар, әжесімен бірге қыр асыл, тау басты...

«Отанды, ұлтты, әдебиетті, оның болашағын сүю үшін көп айқайдың керегі жоқ. Тынымсыз, жанашыр, табанды әрекет керек», -деп Шерхан Мұртаза атамыз айтқандай, бұл әңгімеден Балзияның қанша ауырса да, жаны қиналса да оның бәріне мойымай төтеп беріп, өнері келген шағын сезіп туған жеріне бастап барар жолын тапқандылығынан оның табандылығын, қайсарлығын, көрегендігін біле аламыз. Ал оқиға соңында болса, оның жартастан құлап, су ағынымен туған жерінде көз жұмғандығы баяндалады.

Қорыта айтар болсақ, басты кейіпкерлердің бірі Томар-Омардың да қорыққаны осы болатын. Сонымен қатар, бұл шығармада қорқыныш пен қатар бізге сенім мен туған жерді жаныңнан артық сүюді үйретіп, бойымызға дарығандай.

№22 Махамбет поэзиясында арман, тілек, аңсау сарындары бар екенін дәлелдеп жаз.

Махамбеттей отты ақынның шоқтай түсіретін поэзиясы ұлтына ұран болған, рухы биік поэзия. Ол – өз дәуірінің үні.

Ақын жырлары халқын табандылыққа, жауға мейірімсіз болумен қатар қиыншылықты жеңетін қайсарлыққа тәрбиелейді. Оны асыл сөздің кені, көркем тілдің ұстасы, ерлікке үндейтін жалынды үгітшінің ойынан туындаған мұра дер едім. Сонымен қатар, өмір шындығын терең бейнелей алған ақын жырларында арман мен тілек, аңсау сарындары қалай берілген? Оның мәнісі қандай? Сол үшін де жорық ақынының мұны қалай жеткізгенін бірге талдап көрейік.

Негізінен, ақын жырларын алып қарасақ, бұның бәрі де елі мен жері үшін көтерілген ұлт азаттық қозғалысқа байланысты еді. Ата қоныс жер үшін, елінің бостандығы, халық тәуелсіздігі оның аңсары ауған арманы болса, ал сол елдік пен ерлікке қол жеткізу оның мақсатына айналды. Сөзімнің дәлеліндей, ақынның халыққа бостандық әперу жолы оңай емес екенін, ең қиямнет қайым іс болатынын ашық айтқан Ереуіл атқа ер салмай деген

өлеңінде анық байқаймыз, Сары бала қара қазан қамы үшін қолға егеулі найза алып, беркініп садақ асынып жалпы қазақ ұлтын біріктіруді мақсат ету жолында күрескенін, арман сарынын көруге болады.

Ағайынның басы еді,
Алтын ердің қасы еді,-

деп дәріптеп өткен Исатайды Махамбет көтеріліс басшысы ретінде көреді. Екеуі елдік жолында күрескен шынайы халық батырлары болатын. Алайда Махамбет алдыға қойған мақсат пен борышты жүзеге асыра алмады. Себебі, Исатайдай туған ер жанқиярлық ерлік кезінде қапияда көз жұмады.

Менің ойымша, міне, осы кезеңде Махамбет жырлары енді аңсау сарынына түседі. Аға орнына аға болған Исатайы мен Жәңгір ханның тепкісін көріп, кіндік қаны тамған жер туған жері Еділ Жайығын, Нарынын сағына бастайды, Көтеріліс туы жығылып, ақынның тауы шағылады. Өмірден түңіліп, жалғыздыққа сәл бой алдырады.

Мұнар да мұнар, мұнар күн,
Бұлттан шыққан шұбар күн,-

деп өзінің бүкіл жан дүниесіндегі алапат сезімдерді өлеңмен сыртқа шығарады. Айналаны қараңғы тартқан түнекке балап, өткен күнді жарық сәулеге теңейді. Алайда, қаншалықты сағыныштан сарғайғанымен де өткенді қайтара алмайды.

Қорыта келе, Махамбет жырларында үміт пен алдамшы сезім, өлім мен өмір, арман мен мақсат қатар жүріп, ақынның өмірін бізге таныта түседі

№23. «Жамбыл мен Құлмамбет айтысының» идеялық-мазмұндық жағынан айтыстың ерекше түрі екенін дәлелдеп жазыңыз.

«Жамбылдың халықтың ақындық дәстүрлерін сақтаушы ретіндегі зор таланты, оның айқын дүниетанымы қазақ әдебиетінде артынан асыл мұра қалдыруға септігін тигізді» деп Л.Соболев айтқандай, Жамбыл ақын өрелі жырдың өрнегін кестелеп кеткен дара тұлға. Ғасырлар бойы ел жадында жатталып келе жатқан халық жырын сүйіп өскен ақын осынау құнарлы топырақта қанатын еркін сермеп, көкке самғайды. «Он бесте ақ домбыраны алдым қолға,

Тең басқан төрт аяғын болдым жорға.

Ақынды ауылға ермек басып озып,

Жұлдыздай көзге түсіп, жылтылдадым», деп өзінің ақындық өнерін жоғары бағалайды.

Жамбылдың осындай өнері арқылы танылған айтыстары бұрыннан келе жатқан дәстүрді кеңейте, жаңа дәрежеге көтерген шығармалар. Оның айтыстарынан оның қиыннан қиыстырып, сөз табатын, үлкен қоғамдық мәселелер көтере отырып, халық мүддесіне табан тіреген хас шеберлігі сезіледі. Ақын жастайынан Айкүміс, Сарбас, Досмағамбет, Шашубай, Сары ақынмен айтыстары ел жадында сақталып, тапқырлығы, шешендігімен халықтың ыстық ықыласына ие болған. Әсіресе, соның ішінде, Жамбылдың атағын шығарған Құлмамбетпен айтысы ерекше көзге түседі. Ал не себепті бұл айтыс мазмұны жағынан ерекше болып табылады? Оның қандай артықшылықтары бар? Осыны бірге талдап көрелік.

Айтысты зерделей зерттей келе, мен бұл айтыстың өзгелерге ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктері бар екенін байқадым.

Біріншіден, екі ақында бірінен бірі асып түсетін өнер майталмандары. Бірақта бұл айтыста Жамбылдың жеңіп шыққан себебі, оның сабырлығы мен қарсыласының күші мен сөз шеберлігін бағалай алуында деп білемін. Бұған дейін ешкімнен беті қайтпаған Құлмамбеттің арынды сөздері әу бастан ақ төпелей түсіп, кімді болса да састыратындай еді. Жамбылды көрген беттен зәресін ұшырмаққа бет қаратпастай айбарын көрсетіп, Жамбылды не түрлі жаман атаулыға теңейді. Содан барып, ел жуандарының байлығын тізбелеп мақтауға көшеді. Алайда осы сөздеріммен жеңдім деп масаттанып отырған ақынды Жамбыл ірі сөйлеп, астам мінез танытқан Құлмамбеттен өзінің шындыққа негізделген тасқынды өткір өлеңдерімен басым түседі.

«Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.
Қарынбайдай сараңдар толып жатыр,
Оны мақтап әуре болмай, жөніңе қайт»

деп Жамбыл Құлмамбеттің мақтаған байлары мен саудагерлеріне қарама қарсы ел тәуелсіздігі үшін күрескен Сұраеншы, Саурық батырларды нағыз халық қалаулары деп көрсетеді. Бұларды қасиетті есімін ардақ тұтып, Құлмамбет дәріптеген байлардың шетінен озбыр, надан болғанын мінездеп береді.

Екіншіден, бұл, менің ойымша, әрбір ақын өз руын мақтайтын салтқа қарсы жасалған жаңа бетбұрыс еді. Сонымен қатар, қазақтың айтыс өнеріндегі жаңаша көзқарас пен өзгелерге ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі деп есептеймін.

Үшіншіден, бойындағы сабырлық мінезін таныта отырып, қарсыласын жеңу мақсатында емес, халықтың асыл мұралары шежіре, аңыз, тарихи оқиғаларды айтыс шеңберіне кірістіріп, оған дастандық мазмұн сыйғызып, халыққа дәріптеуі, айтыстың тағыда бір ерекшелігі деп атап өтуге болады.

Қорыта келе, ауыз әдебиетінің көркемдік дәстүрінен үлгі алған Жамбыл мен Құлмамбеттің айтысын халықтың айнасы, әрі нағыз айтыс шеберлігі деп атауға болады. Жаңашылдықты көздейтін ақын осы айтыс өнерінде ерекшелігімен танылып, халықтың санасында жатқан мәселелерді қайта жаңғыртқандай әсер қалдырды. Сонымен қатар, тарихта аты қалған ұлы тұлғаларды танытып, бізге өнеге болсын деп осындай асыл мұраны қалдырып кеткендей.

№24 Ш.Қанайұлының шығармаларындағы зар заман келбеті мен қазіргі заман сипаты.

«Мына заман қай заман?» деп жырлаған Шортанбай ақын заманы Ресей патшалығы отаршылдығының күшіне еніп, қазақ өлкесін емін еркін билей бастаған тұсы еді. Шортанбай Қанайұлы қазақ халқының тәуелсіздігін құртып, еркіндігінен айыра келген отаршылдыққа наразылық білдірген ақындардың бірі еді. Ақын аузынан төгілген «Зар заман» жыры кейін тұтас дәуірдің атына айналғандай. Себебі, мұндағы ақынның айтқаны: заман бұзылды, атаны бала, ананы қыз тыңдамайтын болды, байлар зорайып, бұқара халыққа озбырлық көрсетіп, мансапқұмар адамдардың пасықтығы мен пысықтығының

тоқтауы болмады дегенді жеткізеді. Жастар тәрбиеден танып, ата жолын кесер ұл мен қыздың өсіп келе жатқанына налиды.

Менің пайымдауымша, бұл белгілер қазіргі заманмен ұқсастығы бар ма? Бар болса қандай? Заман көркі жастар болса, екі заман кезеңіне салыстыру талдау жасайық.

Біріншіден, қазіргі заманда да азулының қолы асып, азусызға тарлық етеді деп айтуға болады. Себебі, қолында билігі бар адамның ақшасы болса, бәрін сатып алуға дайын тұрады.

Екіншіден, жастар еліміздің болашағы, келер күннің айнасы деп айтқанымызбен, бүгінгі жастар бойынан іліп алар жақсы қасиетті дөп басып айту қиын. Олардың тіл шорқақтығы мен мәдениетсіздігін былай қойғанда, адамға деген сыйластығы мен қарым қатынасын көріп қарның ашады.

Зар заманның белгісі,
Ұлың көңілің бір бөлек,
Қызыңның көңілі бір бөлек
Өзіңнің көңілің бір бөлек...

деген жолдарынан ақ зар заманша ұқсастықты байқаймыз.

Қорыта келе, ақынның бұл мұрасы қазақ қоғамының бүкіл дәуірін қамтитындай. Қай заманды алып қарасақта, заман қайтіп оңалсын деп ашынып, түзеткіміз келетіндей.

№25 Майлықожаның жыл мезгілдеріне арналған өлеңдеріндегі табиғат пен адамзат тіршілігінің бейнеленуі.

Жыраулар поэзиясының сапа жағынан да, мазмұны мен тақырыбы жағынан да жаңа сатыға көтерген басты өкілдерінің бірі – Майлықожа Сұлтанқожаұлы.

Ол – өзі өмір сүріп отырған заманның озбырлық сырын түсініп, әділет жолын жақтаған ақын болатын. Өз шығармаларында да адамгершілік қасиеттерді дәріптей отырып, жақсылыққа үндейді.

Зар заман дәуірімен тұстас өмір сүрген Майлықожа заман қиындығын суреттеп қана қоймай, табиғат құбылыстары мен көріністері туралы ой толғап, оны өз жырларына ақындық шабытпен арқау еткен. Негізінен табиғат адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы болуымен қатар, сыршыл ақындардың өлеңдерінде нәзік өрнектей өрілген ерекше бейне. Ал Майлықожа ақын табиғатты жырлауда қандай қырымен ерекшеленеді? Ақын ұғымында адам мен табиғатты не байланыстырады?

Жылдың төрт мезгілі атты жырында жаз, күз, қыс, көктем бәрі де адам тұрмысымен, шаруа кәсібімен ұштастыра бейнеленеді.

Сәуірде көтерілер рахмет туы,
Ойнайды су бетінде қаз бен қуы.
Жан жануар көк майсаға баурын төсер
Емізер жас баладай жауын суы.
Шаруалар жайлар тауды малын баққан
Егін сап диқандары кетпен шапқан...

Менің ойымша, ақынның өзіндік ерекшелігі, жаз мезгілін бейнелегенде, нағыз ыстық кез шілде тұсын суреттеп, сол кездегі суалған өзен мен күнге күйіп кеткен шөп сияқты сүреңсіз көріністерді адамзат бейнесіне салып, адам мінезінің небір тұсын аша білген.

Екіншіден, табиғат пен адамды егіз санауының бірден бір себебі шаруа адамының көзқарасы тұрғысынан қарап, күз бен қыстың бейнесін қысылшаң әрі қытымыр етіп суреттейді. Өйткені мал баққан қара қазақ табиғат арқылы ауа райын болжап, қыс қыстауға, күз күзеуге шұрайлы қоныс үшін көшіп отырған.

Қорыта келе, Майлықожаның табиғат жанрына арналған бұл өлеңі адам мен табиғат егіз ұғым екенін дәлелдей отырып, шаруа адамының ауыр да қиындыққа толы тұрмысын табиғат арқылы дәл жеткізе білген. Бұл өлеңдер қазақ поэзиясында қосылған өзіндік үлес екені анық.

№26. Майлықожа өлеңдерінде көтерілген мәселелер бүгінгі күні де өзекті болып отырғанын мысалдар арқылы дәлелдеп жазыңыз.

Жыраулар поэзиясында ерекше орын алатын Майлықожа – өзі өмір сүріп отырған заманның озбырлық сырын түсініп, әділет жолын жақтаған ақын. Ол дау мен жанжалды қоздырып, желікпе жетесіздер билеген заманды батыл сынады.

Майлықожаның шығармалары өз дәуірінің түрлі саласын қамтып, ел тұрмысына жаны күйзеліп, халық басына түскен қиыншылықтарға, жұт жылының ауыр қасіретіне қатысты көптеген өлеңдер арнаған. Олар – «Райымқұлға», «Қасқыр», «Ноғай мырзаға», «Үш жігіт» деген толғаулары. Бұл шығармалардың негізгі идеясы – адамгершілік ұғымындағы ғибрат сөздерді қамти отырып, қоғамдық әлеуметтік қайшылықтарды дәл айқындап, оларды шешу үшін қоғам мүшелері биік адамгершілікті, еңбексүйгіш болу керек деп түсінеді. Мысалға, «Қасқыр» атты өлеңінде өзі тойса да, көзі тоймайтындарды қасқыр мінезді жыртқыш кейпінде суреттеп, әжуа етсе, «Үш жігіт» толғауында оңай байлыққа жетуді аңсау, қанағат етпеу – адамның бойындағы ең жаман қасиеттер деп, дәл осы жағымсыз мінездерден аулақ болуға шақырады.

«Зар заман» дәуірімен тұстас өмір сүріп отырған Майлықожа тек заман қиындығын суреттеумен ғана емес, еңбек тақырыбында алдыңғы орынға қояды. «Бұлбұл» өлеңінде күнді босқа өткізбей, табыс табуды насихаттаса, өнері мен білімі асқан адамға зор сеніммен қарайды деп ой түйеді. Адамдықтың ең басты қасиеті – адамгершілік қасиет десе, оның ең биік үлгісі ата-ананы қадірлеуден бастау алып, адамды құрметтеу екенін арқау етіп отырады. Өлеңдері ақыл-нақыл мен қатар өсиет сөздерімен ерекшеленіп отыратын Майлықожа өлеңдерінде көтерілген мәселелер бүгінгі күні де өзекті болып отыр ма? Оның бізге беретін мәні қандай?

Өмірді сүрудің басты мақсаты – адал еңбек пен көркем мінез деп санайтын Майлықожаның өлеңдерін талдап қарасақ, менің ойымша, бұл мәселелер қазіргі күні де өзекті болып отыр.

Себебі, біріншіден, қазіргі заманда да «азулының қолы асып, азусызға тарлық етеді» деп айтуға болады. Өйткені, қолында билігі бар адамның ақшасы болса, бәрін сатып алуға дайын тұрады. Онымен қоса, қолында барын қадір тұтпай, өнер мен білімнен қарағанда байлығын жоғары қояды.

Екіншіден, Майлықожа дәріптеп кеткендей, адамның өзінің айналасындағы ағайын туыстарын сыйлап, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіре білуі – әке мен шешенің балаға деген тәрбиесінің дұрыстығында жатқандай. Алайда, бұндай жағдай қазіргі кезде керісінше орындалып жатқандай... Ақын үміт артып кеткен оқығаны мен тоқығаны да мол, елі үшін

еңбек етуге тартынбайтын ізгі азаматтар саусақпен санарлықтай ғана. Әрине, бұл бізді қынжылтатындай жағдай болыр отыр. Себебі, олардың істі орындауға құлшынысынан гөрі, өтірік айту, арам жолмен ақша табу ниеттері басым келеді. Сонымен қатар, адамға деген сыйластығы мен қарым қатынасын көріп қарның ашады. Алайда бұл қазіргі заманның шындығы.

Қорыта келе, ақынның бұндай мұралары қазақ қоғамының бүкіл дәуірін қамтитындай. Қай заманды алып қарасақта, «заман қайтіп оңалсын» деп ашынып, түзеткіміз келетіндей. Алайда, адамдықтың ең асыл қасиетін бойымызға сіңіру, дұрыс жолдп жүріп, адал еңбекпен нан тауып, өмір сүру – өзімізге де байланысты екенін әсте естен шығармайық.

№27. Ш.Уәлихановтың әдебиетші-ғалым ретінде қазақ ғылымына қосқан үлесін дәлелдер арқылы жазыңыз.

«Құйрықты жұлдыз секілді,
Туды да көп тұрмады.
Көрген, білген өкінді,
Мін тағар жан болмады», - дейді хакім Абай.

Сондай құйрықты жұлдыз секілді жарқ етіп, лезде жылт етіп жоқ болып кеткен тұлға – Шоқан Уәлиханов еді. Жастайынан халық мұрасына сусындап өскен Шоқан әдебиет, оның теориясы жөнінде сол кездің өзінде-ақ көптеген тың пікірлер, тұжырымдар жасап, өз халқының тіршілігі мен мәдени дамуының жағдайларына көптеген өзіндік үлес қосқан.

Қазақ поэзиясының халықтық сипаттары жайлы жаңаша көзқарас танытып, тың ой пікірлер білдіреді. Халықтың рухани серігі болған поэзия туралы ол: « Бұл халықтың ертеден өзіне тән тұрмысында есте қалдырмаған бірде бір маңызды оқиғасы, бірде бір тамаша адамы жоқ деуге болады. Олардың бірін суырыпсалма ақындар не жыршылар жыр емес, екінші біреулерінің атын кейінгі ұрпақ естерінде ұмтылмастай етіп белгілі бір сыбызғышы не қобызшы музыканттар тастап кеткен» деп жазады. Ал осы ғалым ретінде Шоқан қазақ әдебиетіне қандай үлес қосты? Өзінің ғылыми жазбаларына нені арқау етті?

Қазақ өлеңдерінің халықтығы жайлы құнды пікірлер білдіруде Шоқан халық әдебиетінің бағалы нұсқаларын жасай білген және ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілерін жырлаған Орынбай, Шөже, Жанак, Арыстанбай, Құрымбай сияқты ақындардың еңбектеріне жүгініп, мысалдар келтіреді. Сонымен қатар қазақ поэзиясының жанр, түр, өлең құрылысын зерттей келе, мұндай ғажап дүниені орыс ғалымдарына таныстыруды мақсат тұтқан. Ол қазақ өлеңдерін: жыр, жоқтау, қара өлең, қайым өлең, өлең деп бес түрге бөледі. Өлең құрылысын жыршылардың қобыз не домбыраға қосып айтуына қарап жүйелеген.өлеңге, әсіресе, суырып салма өлеңге бейімділік барлық көшпелі елдердің өзіне тән ерекшелігі екенін анықайды.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті мұраларын жинап, зерттей келе, Шоқан олардың славян халықтарының, соның ішінде, орыстардың ауыз әдебиетімен байланысын ашып, дәлелді мысалдар келтіреді. Ол « Жоңғария очерктерінде»: « Көп уақыттан бері қазақтың ертегілерін, мифтерін, этникалық жырлары мен аңыздарын жинаумен шұғылдана жүріп, мен олардың Еуропа халықтарының, әсіресе славяндардың осы тектес шығармаларымен бір сарындастығына қайран қалдым» деп көрсетеді. Орыс қазақ ертегілерін, мақал мәтелдерін салыстыра отырып нақты дәлелдейді. Мысалы: өмір шындығының сәйкестігі әдебиеттеде тақырып, сюжет ұқсастығын туғызатындығын ғалым қазақ пен араб поэзиясын салыстыра отырып, дала өмірін жырлағанекі елдің бір біріне ұқсастығын, көшпелі ел тұрмысы сұлу табиғат, рулық тартыс, қайшылықтарды суреттеуінен анық көрінетінін айтады. Әсіресе, бұл халықтарда өлеңді суырып салып айту өнерінің ерекшелігіне назар аударған. Қазақтың

шешен билері жайында құнды пікір білдіре отырып, олардың дауды шешкендегі әділдігі мен сөздің түбін түсіретін сөз шеберлігіне қайран қалады.

Шоқан қазақ халқының ауыр тауқыметін жеңілдеті жолын іздеп, ойластырған. Оған бар ынтасы мен ұмтылыс та жасап көреді. Шоқанның өзі туған халқы алдында сіңірген еңбегін бірер сөзбен былай түйіндесек болады: ол халқын өзін өзі тануға, өзін өзі түсінуше шақырды, сөйтіп, арманының орнына барынша ғылымды игеру мәселесін қоя білді.

Қорыта келе, Шоқан «Өмірдің жоғары үлгісі» туралы көзқараста болды. Өзінің ғылымның қай саласы болмасын зор үлес қосып, келешек ұрпаққа сенім артып кеткендей. Ол аз ғұмыр сүрсе де, оның артынан жаңаша көзқараспен қазақ тарихын зерттеуге қадам жасайтын, ынтасы мол жас буын, жаңа толқын келеді дегенге кәміл сенген. Сол жолда дарын тарихшы мамандарды көбейту, бағдарымызды ізгілікке бастау үшін мақсатты нақтылыққа бастайтын іс қимылда үлгі боларлық тұлға болсын деп тілейік.

№28. А. Құнанбаевтың қарасөздерінде көтерілген мәселелердің бүгінгі күнмен үндестігін талдап жазыңыз.

Қазақ мәдениеті мен ақыл ойының заңғар биігі Абай Құнанбайұлынан кейін де талай дүлдүл жарып шығып, өздерінің өшпес туындыларымен тарту етсе де, хакім Абайдың жұлдызы әрдайым биік тұрады. Ал бұның бірден бір себебі – ол ең алдымен Абай шығармашылығының әмбебаптылығымен қатар, өмірден алынған жайттарды талдай келе, өзі өмір сүріп отырған ғасырдың ащы шындығымен түсіндірілсе керек. Лирика, поэзия, сатира, поэма, аударма сынды жанрлардың негізін ғана салып қоймай, оны жалпақ жұртқа танымды етіп, музыкалық мұрасы, еңбектерінің мазмұн тереңдігі, философиялық, ағартушылық жағынан алғанда айтқан ақылы мен қалдырып кеткен өсиетінің бәрі де оның ұлт ұстазы, тіпті адамзат баласынан ерек туған ғұлама атануына арқау болды. Ал осының бір дәлелі – Абайдың ауыз толтырып айтатындай қазақ әдебиетіне жаңашылдық алып келген қара сөздері болды.

Ұлы ақынның қара сөздері тақырыбы жағынан айырықша дараланып, бұрын соңды болмаған жаңа дүниені қазақ даласына алып келді. Ондағы азаматтың азаматтығын айқындап тұратын адамгершілік тақырыбы мәселесіне назар аударылып, өшпес мұра ретінде жазылғандығы мені ғана емес исі қазақ баласын, әрбір жастың көңіліне қуантарлық ой салар шығарма екені шындық. Абайдың «қара сөздеріне» өзіндік көзқарас тұрғысынан талдау жасап, зерделесек, оның қазақ қоғамы, сол замандағы өзекті мәселелерді өз туындысына арқау еткенін көреміз. Ал осы шығармада Абай заманы мен қазіргі қоғамның айқындап отырған мәселелерінің қандай үндестігі бар? Ол қазіргі күні де өзекті болып отыр ма?

Қара һәм дара сөздерден менің түйгенім көп. Айталық, менің ойымша, адамзат баласының алдында үш айғақты зор міндет тұр. Олар: бейбітшілік, руханият, табиғат ананы қорғау. Бұлардың қай қайсысын да біздің тіршілігіміздің қайнар көзі, басты бағдары десекте артық айтқандық емес. Осы үш бастауға қазақ елінің ғана емес әлем болашағының баспалдағы деп Елбасымыз айтқандай, адамзат баласының өмір сүруіне қажетті деп танитын осы үш таған. Енді қара сөдерге тоқталар болсақ, олардың өзектілігі де бүгінгі күнмен астасып жатқаны анық.

Менің пайымдауымша, қазақтың рухани мұрасы, адалдығы дәл осы Абай қарасөздерімен бірге біте қайнасып кеткендей. Абайдың мұрасымен таныспаған қазақ, оны сүймеген жас жапырақсыз терек тәрізді деуге болады.

Қорыта келе, біз ұлы ақынымыз Абайдың дәуірінде қалдырып кеткен сөздерінің әлі күнге дейін қоғамымызға қажеттілігін ұғынғандаймыз. Оның адамзаттың ең асыл қасиеті адамгершілікке баулыған, тәрбиелеуге негізделген қара сөздері арқылы рухани азық алдық,

адамдық сипатта бой түзеуге тырыстық, себебі біз халқын сүйген қаламгердің, ұлық ақынның ұрпағымыз.

№29 Сал-серілердің (әнші-ақындар) өлеңдеріндегі қыз сипатын талдап жазыңыз

Сал-серілер өлеңдерінде ару қызды, көрікті келіншекті аялау, жақсыларды дәріптеу негізінде жырға қосқан. Өлеңге жыр ете отырып табиғи сұлулықты жарастыра білген. Ол кезде көптеген ақындар теңеу образы ретінде аркды-аққу, лашын, бұлбұл құсқа теңеген. Олардың өзіндік ерекшеліктері бар. Теңеу образындағы құс атаулары адам бойындағы ерекшеліктерді таныта білді. Қазақ елінде ежелден сал-серілер өлеңдерінде қазақ қызының инабаттылығын ерекше бейнелеген. Оның әр жүрісінен тәрбиелігін аңғарған. Сондай-ақ ежелден қазақ қызын тыйым салып өсірген. Мұның барлық қыздың өз орны бар екендігін айқын көрсетеді. Оларға: ақша маңдай, перизат, аймақ ауыз, сүмбіл шаш, қарақат көз, жазық маңдай, алқызыл гүл деген тәрізді көптеген эпитеттер жазған. Ақындардың осындай өлеңдері әсерлі әдемілікті осылайша айқындайды. Ақындар шығармаларында әйел затын ерекше бейнелейді. Мұнда бас бостандығы жоқ қазақ қыздарының мұңы мен мүддесін негізге ала отырып жырлайды. Ақындарымыз қазақ қыздарын өз заманынан-ақ жоғары бағалаған.

Жаяу Мұса өзінің "Әйелдер сипаты" өлеңдерінде әйелдердің қайретін, қайғы-мұңын термелей келе, ең жақсы деген әйел жұртына назар аударады, әйелдерді сыйлауға, бағалауға үндейді.

Кім мінер ел көшкенде тауып атын,

Адам көп танитұғын адам затын.

Дүниенің тұрақтайтын тұрағы екен,

Гүл жүзді, сырлы көзді жақсы қатын

Әйелді сыйлау керек ескеріп біз,

Оларға айту керек орынды сөз

Жақсы әйелге көз салып бір қарасаң...

Шығып кете жаздайды бойыңнан жан-
деп әйел затының қасиеттерін тізіп көрсетеді.

Қорытындылай келе, сал-серілердің бір айырмашылығы, олар ақын да, әнші де болған. Сол әндерін де, өлеңдерін де қазақтың қыздарына арнағанын көреміз. Өйткені қазақ қыздары осы өмірдің пәк, таза гүлі. Оны біз:

Мен қазақ қыздарына қайран қалам,

Жанары, жаны жаздай жайрандаған

"Қыз өссе елдің көркі..." деген сөзді.

Қапысыз қалай айтқан, қайран бабам? -деген өлең жолдарынан ой түйеміз.

№30 3.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесіндегі М.Әуезовтің ұстаздық бейнесін сипаттап жазыңыз.

Академик, жазушы Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» романы 1997 жылы жарыққа шыққан. Көлемі екі жүз жиырма бес беттен тұратын романның тақырыбы мен басты сюжеті қазақ әдебиетінің классигі, заңғар жазушы, академик Мұхтар Әуезовтің өмірбаянына, тағдыры мен қаламгерлігіне, ұстаздық қызметіне негізделіп жазылған көлемді прозалық туынды. Ұлы Мұхтар Әуезовтің көзін көріп, дәрісін тыңдаған, сүйікті шәкіртіне әрі жылдар өте келе досы інісіне айналған Зейнолла Қабдоловтың тұла бойына біткен дарыны ұлы суреткердің назарын бірден өзіне аудартады.

Роман эссе кейіпкерлерінің бірі ұстаз, екіншісі шәкірт. Ұстаз Мұхтар болса, шәкірті Зейнолла Қабдолов еді. Ал осы шығармада М.Әуезовтің ұстаздық бейнесі қалай берілген? Ұстаз бен шәкіртінің арасында қандай рухани байланыс бар?

Мұхтар Әуезов туралы роман эссе авторының берік қалыптасқан мынадай ұғым түсінігі бар еді. Біріншіден, М.Әуезов қазақ халқының біртуар, дарабоз, сегіз қырлы, бір сырлы азаматы. Екіншіден. Ол саңлақ суреткер, көркемсөздің қас шебері, заңғар жазушы ретінде айқындалады. Ал үшіншіден, Мұхтар ғұлама ғалым, ақыл ойдың кені. Төртіншіден алып қарасақ, М.Әуезов – кеменгер ұстаз, дана әрі ұлы тәрбиеші.

Менің ойымша, Зейнолла Қабдоловтың роман эссесі елдің өсер өркеніне Халықтың ұлттық асыл құндылықтарын, қоғамдық сананың тазалығын сақтау, қорғау, болашаққа деген кінәратсыз тапсыруды ұсынған роман үлгісі дер едім.

Қорыта келе, бұл туындыда ұстаз бен шәкірт ара қатынасында орныққан ерекше екі қасиет жарқырап көзге түсетіндей. Бірі ұстаздың шәкіртке деген шексіз ілтипаты болса, екіншісі шәкірттің ұстазға деген ыстық ықылас мен құрметі танылатындай. Осындай қасиетер арқылы Мұхтар Әуезовті тек жазушы ретінде ғана емес, ұстаздық қасиетін анық танимыз.

31. А.Байтұрсынұлының «Өгіз бен бақа», «Егіннің бастары» мысалдарының адамдарға үйрететін тағылымы туралы өз пікірлеріңізді жазыңыз.

Керуеннің түйесіндей тізбектеліп шұбырған бұл жалғанға кімдер келіп, кім кетпеді десеңізші. Солардың бірі де бірегейі, қазақтың сүт бетіндегі қаймақтай қалқып шығар зиялы тұлғасының бірі Ахмет Байтұрсынов. Оның келер ұрпақ, болашақ жастарға, жас шыбықтай жас балаларға қалдырған мысал өлеңдер қоры мол-ақ.

Ұлт болашағынан бал ашпай, керісінше мысалдары арқылы қисық бұтақты түзетуге жанын салған ақынның тәкаппарлық, менмендік туралы «Өгіз бен бақа», «Егіннің бастары» атты мысал һәм үлгі өнегеге толы өлеңдерін қызыл тілге тиек етпекпін.

Адам өмірге кінәсіз, кіршіксіз, таза парақ тәрізді пәк болып келеді. Өсе келе, отбасы, оқыған ортасы, достарының ықпалымен жамандық пен жақсылықтың ара жігін ажырата бастайды. Бірақ кейде тәкаппарлық пен озбырлықтың құрсауында қалып, өтіріктің торына

шырмалып қалатынымыз тағы бар. Мұндай кезде не қарекетке баруымыз тиіс? Кімнен үлгі алып жүрміз? Біз мұны жеңе аламыз ба? Бұл сұрақтың жауабын бірге іздеп көрелік.

Біріншіден, адамның көкірек көзі ашық, санасы ояу болса, бұл жағдайлардан сабақ алып, дер кезінде түсінетініне сенімім кәміл! Егер «Өгіз бен бақа» мысалындағы бақа тәрізді өз әлін білмей, өз болмысынан асып, өзгенің ағымына ілесіп кете берсе оның тұлғалық даралығы жойылады.

Екіншіден, осы жауһар, көңілге ой салатын мысалдарды жиі оқып отыру арқылы өз-өзімізді тәрбиелеуіміз қажет.

Үшіншіден, тек ерік жігері мол адам өмірдің осы тұстарын тасқа жарып шыққан сынадай жарып шыға алады. Ол үшін тек жігерлі болу керек.

Менің ойымша, бұл мысал тек Ахмет заманында ғана емес, бүгінгі күні өз сипатын алып отыр. Өмірде бұндай пасық, өркөкірек адамдардың белең алуы ғасыр дерті десекте болады.

Қорыта келе, мысалдар арқылы өмір шындығын таныта білген ақын мұрасы бізге өнеге болумен қатар, өмір сынақтарына үйретіп, жақсылықты насихаттайды.

32. Ыбырай Алтынсариннің балалар әдебиетінің атасы екенін дәлелдер арқылы жазыңыз.

Қазақ жеріне «дала қоңырауындай» сылдырлай келіп, қазақ елінің кемел келешегін ойлап, рухани ағарту саласында қажымай қайрат танытқан ұлы кемеңгер, тұңғыш мектеп ашқан ұлағатты ұстаз ы, ақын әрі жазушысы Ыбырай Алтынсарин еді. Бүкіл ғұмырын қазақ жастарының ана тілін ұмытпауына, ата бабасының қалдырып кеткен салт дәстүрін ұмытпауға, сонымен қатар адалдық пен адамгершілікті ту етіп ұстауға насихаттап өткен.

«Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» дегендей, Ыбырай қазақ даласында тұңғыш мектеп ашушы болуымен қатар, ағартушылық ілімді де таратқан. Және де қыздар мектебін ұйымдастыруы ұлы ағартушының бұл тұрғыда жасаған үлкен еңбегі болып табылады. Негізінен оқушылық Ыбырай атамыздың көптен күткен ісі болған екен. Соның бірден бір жемісі мектеп ашу бола, екіншісі қазақ тілінде балаларға арналған оқулық жазу еді. Менің ойымша, алдыға қойған мақсаты жүзеге асқандай. Себебі, Ы.Алтынсарин тұңғыш ағартушы педагог болуымен қатар балаларға арналған көлемі шағын, мазмұны мәнді көптеген өлеңдері мен әңгімелерін қалдырып, өзінің «Қазақ хрестоматиясы» атты тұңғыш оқулығын жарыққа шығарады. Ол «Кел, балалар, оқылық!» атты өлеңінде өзінің бар мақсатын айқындап бергендей:

Оқысаңдар, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей ақ табылар.
Кел, балалар, оқылық
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.

Міне, осыдан барып Ыбырай атамызды «Дала қоңырау» десе, екіншіден қазақ балалар әдебиетінің атасы деп те атайды. Оған не себепті бұндай атау берген? Оның мәнісі неде? Оны бірге талдап көрелік.

Менің ойымша, бұл өлеңде ақын, бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, өмірдің бар қызығы тек байлықта деп түсінетін оқу, өнер, ғылым білімге мән бермейтін кертартпа көзқарасқа соққы бергендей. Өмірде сарқылмас мол байлық білім екендігін айта келіп, оған қол жеткізу үшін ерінбей жалықпай еңбектені керектігін түсіндіргендей. Ыбырайдың балалар әдебиетінің атасы екендігіне көз жеткізу үшін біршама дәлел келтіруді жөн көрдім.

Біріншіден, Ыбырай шығармаларының өзіндік бір ерекшелігі аз сөзге көп мағына сыйғызып, мақал мәтел, афоризмдерді орынды қолдану, әр әңгіменің тәлімдік мәніне ерекше көңіл бөлуі деп ойлаймын. Мәселен, оның адамгершілікке тәрбиелейтін шығармаларын алып қарасақ, мұнда мазмұны жеңіл әрі ойға қонымды жаңа дүниелерді тануға болады. «Бақша ағаштары», «Асыл шөп», «Әдеп», «Әке мен бала» әңгімелерін оқығанда, жастарды ізгілікке, бауырмалдық пен мейірімділікке, достық қасиеттерге баулуды көздегенін анық байқадым.

Екіншіден, еңбекті сүю және қастерлеу Ыбырай әңгімелерінің негізгі арқауы болған. Оны жазушы шағын әңгімелерде өсиет айта келіп, «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде ең кішкентай жәндіктердің өзі де тіршілік үшін тыным таппай жүргендігін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. «Қарлығаш, өрмекші ғұрлы жоқпысың, сенде еңбек ет, босқа жатпа» деп бізге де насихаттағандай. «Тіршіліктің тұтқасы еңбек» деп түсінетін Ыбырай «Қыпшақ Сейіткұл», «Мейірімді бала», «Мұңсыз адам» атты туындыларында еңбекті бірінші орынға қойып, тәрбие негізі адал еңбекте деп қорытындылайды.

Қорыта келе, мен Ы.Алтынсариннің шығармаларымен таныса отырып, мынадай ой түйдім: жазушы тек қана өлең жазып, ақындығымен танылып қана қоймай, балаларға арнап көптеген туындылар арнап, қараңғы қазақ көгіне жаңадан білімнің жолын ашқан ұлы тұлғаға айналды, сонымен қатар балалар әдебиетінің атасы ретінде тәлім тәрбие беріп, жастарды өнегелі іске баулиды.

33. Сәкен Сейфуллиннің «Ақсақ киік» өлеңіндегі ақынның сұлулыққа деген көзқарасын талдап жазыңыз.

Қазақ әдебиетінде өзіндік ақындық шеберлігімен әрі дарынды тұлғасымен із өалдырған ақындардың бірі деп Сәкен Сейфуллинді айтуға болады. жастайынан қолына қалам алып, талай туындыны жарыққа шығарған талантты ақынның жан дүниесі сұлулық пен әсемдікке ұмтылып тұратынын көруге болады. оның дәлелі «Ақсақ киік» өлеңі десекте болады.

«Ақсақ киік» ертеден ауыздан ауызға таралып келе жатқан байғыр киіктің аянышты жолмен қаза болғаны жайындағы аңыз. Сәкеннің ерекше талғаммен көрнекті, көркем бейнелеген өлеңі. Сонда бұл өлеңі бойынша ақынның сұлулыққа деген көзқарасы қандай? Оны қалай аңғара аламыз?

Ақынның әсем жеткізе білген өлең жолдары осы шумақтан басталады:

Бөкеннен сұлу аңды мен көрмедім
Өзге аңға жандарды тең көрмедім.
Көздері мөлдіреген ақ бөкенді
Адамның баласынан кем көрмедім

деп Сәкен Сейфуллинді бөкенді әлемдегі теңдессіз аса сұлу сөздермен суреттейді. Ақын киіктің сұлулығын өзге жануарлардан артық санайтынын байқаймыз. Киіктің мөлдір көздерін адам баласының көздеріне теңеу арқылы оның теңдессіз сұлу екеніне көзімізді жеткізгендей.

Менің ойымша, ақын осындай бейнелеу арқылы киіктің әдемілігі мен көркемдігін арқау етіп, өзінің де көзқарасын білдіріп кеткен. Негізінен Сәкен сұлулыққа тамсанғанын жасырмай, киіктің мөлдір көзін «ботакөз» деп атайды.

«Ақбөкен сахараның ботагөзі» деп теңеп, оның қылықтарын адам баласына теңейді. Осыдан барып Сәкендей ақынның сырын түсінуге болатындай. Себебі, жануар мен адамның сұлулығын теңеп, барлық жан дүниесімен оған қарсы емес екендігін дәлелдей түскендей.

Қорыта келе, есімі әрбір қазақтың көкейінде жүретін ақынның бұл өлеңі арқылы оның сұлулық атаулысына оң көзқараспен қарайтынын танып, сонымен қатар жануарларға ерекше мейірім мен ықылас төгіп, қамқорлық жасау керек деген ой түйдім.

№34 Ш.Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» поэмасын трагедиямен аяқтау себебін талдап жазыңыз.

Қазақ халқы жерін қорғаған ержүрек, елін қорғағанда, тұтқиылдан келген жауға қасқая қарсы тұра білген батыр ғана емес, сонымен бірге қыр сыры мол лирика әлеміне де жаны жақын болған. Алпамсадай алыптарымыз, аты аңызға айналған батырларымыз жырлаған небір небір дастандар, қос ғашықтың тағдыры жырланған сан түрлі ғашықтық дастандар осының дәлелі. Екі жастың қайталанбас сезімдерінің сыры әдеби тілмен көмкеріле жазылған оқиғаның оқыған адамды өзіне баурап алар ғашықтық дастанының бірі – Еңлік Кебек.

Ш.Құдайбердіұлының «Еңлік Кебек» поэмасы ұлы ақын Абайдың көзі тірісінде, оның ақылымен жазылған екен. Ақын поэмада адам болмысының қыр сырынан сыр шертуден бастап, кісі бойындағы достық, махаббат жайлы толғана келе, ел жадында ауыр азабымен сақталған «Ақтабан шұбырынды» заманының кейпін айтып, тарихи оқиғалар мен елдің ата жұртынан ауа көшуін, Матай мен Тобықты руларының арасындағы келіспеушілікті жырлайды. Кейін оқиға осы Тобықты руынан шыққан Кебектің батырлығы, ер мінезді азамат екендігімен, оның Нысан абызға бал аштыруымен өрбиді. Кейін өр Кебек аң аулап жүріп, адасып, тағдыр айдауымен, Мамай аулындағы қыз Еңлікпен танысып, көңіл жарастырады. Алайда поэма екі рудың араздығының кесірінен екі жастың бұл қорлыққа төзе алмай, өз бақыттары үшін қашып кетуімен жалғасады. Алайда еліктіргіш сәттерге, қайғы мен нәзік сезімнің қатарласып келуіне толы поэма қос ғашықтың өлімімен аяқталады.

Менің ойымша, поэманы бұлай қайғылы аяқтаудың бірден бір себебі, ата ана рұқсатынсыз үйленудің салдары деп білемін. Себебі, ата ана разы болмай, адам ешуақытта бақытқа қол жеткізе алмайды. Осы арқылы ақын келешен ұрпаққа үлкендердің батасын алмай әрекет етуге болмайтынын жеткізгендей. Ал екіншіден, қыз баласын өз теңіне қоспай, керісінше адам емес мал секілді сатуының салдарынан қыздың көз жасына қалуы трагедияның бірден бір себепшісі болды деп есептеймін.

Қорыта келе, жоғары деңгейде жазылған поэманың оқырманға, естір құлаққа берер тәлімі мол. Шәкәрім ақын жастарды шығарма арқылы тәрбиелей отырып, екі жас арасындағы нәзік махаббат пен халықтың осындай надандығын бізге шебер жеткізе білген.

35. Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романына арқау болған тарихи оқиғаларға тоқталып, дәлелдер келтіре жазыңыз.

Қазақ әдебиетіне алпысыншы жылдары келіп қосылған бір көш таланты жастардың ішінде Қабдеш Жұмаділовтың орны биік, дара екені анық. Өз замандастарынан біршама ерекшелігі, тұлғалық даралығы, оның шығармашылығындағы ерекшелігі Қабекеннің орны толмас тағдырлы тұлға екенінің дәлелі болса керек.

«Тағдыры бөлек тарланбыз» атанған жазушының шынлығында тағдыры оңай болмады. Сондықтан болса керек жазушының, көбінесе, қалам тартқан тақырыптарының көбі ел мен жер, туып өскен ата жұртына деген сағынышы еді. Соған деген сезімінің сыршылдығынан туған болатын. Оныңқай шығармасын алып қарасақ та, туған топырағын аңсаған мұңлықтың ой тебіреністері тәрізді. Сондай шығармаларының бірі – «Тағдыр» романы.

Алғашқы қадамын поэзиядан бастау алған қаламгердің бұл туындысы қазақ әдебиетінің алтын қорынан өзгеше леп әкелгендей әсер қалдырады. Мұңла бейнеленген адам тағдыры,

олардың ім әрекеттері мен атқарған істерінің бәрінен де өзгешелік байқалады. Және де осы романда қандай тарихи оқиғалардың көрініс табады? Олардың маңызы қандай?

Романдағы берілген басты оқиға екі алпауыт мемлекеттер Ресей мен Қытай арасындағы шекара бөлінісі болса, бірақта оның астарында қазақ жерінің, ұлы даланы жандарын пидә етіп қорғаған батырлардың рухы жайлаған жерді талап алулары еді. Содан барып қазақтың көшпелі мәдениетіндегі өзгерістер мен отырықшылық мәдениетке үйрену, жылдар бойы қалыптасқан қағидаттардың бұзылуы еді. Және де қытайлықтардың қамал қорған тұрғышып, қазақтардың өміріне еркін араласулары жанға бататындай жағдай еді. Ал осындай заманның шындығы мен тарихи құндылықтарын жеткізе білген бұл романның бас кейіпкері Демежан еді. Ол елдің елдігін сақтау жолында талай еңбек атқарып, ауызбіршіліктің іргетасын құлатпау үшін тер төгеді. Романда берілген оқиғалар желісі Демежан төңірегінде өрбіп отырады. Себебі, Демежан қытайдың шекарада орналасқан әкімшілігіне қызмет ете отырып, өз халқының амандығын ойлап жүреді. Сол кездерде орын алған жағдай Петербург келісімшартына сәйкес шекара бөлініс кезінде бірге болып, осы іске куә болады. Ал жазушы болса, негізгі кейіпкер Демежанды бейнелеу арқылы өмір сүріп отырған қоғамның, әлеуметтік ортаның шындығын көрсетуге тырысқан деп ойлаймын.

Қорыта келе, бұл роман арқылы керуеннің көшіндей тізбектелген тарихтың бір ізі жатқандай. Сол кездегі шекара бөлінісін арқау етіп алып, жазушы қазақтардың өмірін, тұрмыс салтымен қатар бірлігінің қандай екенін оқырманына дәлелдеп кеткендей.

36. М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романындағы қазақ қызының рухани өміріне қатысты оқиғаларды талдап жазыңыз.

Міржақып Дулатов шығармашылығының ең бір биік белесі, прозадағы шоқтығы биік ірі табысы, бүкіл қазақ әдебиетінде елеулі орын қалыптастыра білуінің айқын дәлелі роман жазу болатын. Ал оның айқын дәлелі қазақ әдебиетінде роман деген атпен басылған «Бақытсыз Жамал» романы. Негізгі мәселе сол замандағы Жамал сиқты қызлардың тағдырын, сонымен қатар өмір құбылыстарын зерттеу еді.

«Бақытсыз Жамал» романының оқиғасына арқау болған мәселе де осы, ескі әдет ғұрыптың қыспағына түскен қазақ қызының тағдыры еді. Сүйгеніне қосылып, бақытты өмір сүруді армандаған бойжеткеннің бақытқа жету жолындағы ақыр күресі мен қиындыққа толы жолы суреттеледі. Шығарманың сол кезеңдегі қазақ даласының шынайы тынысы тіршілігін көрсететін иірімдерден бастап, қазақ қызының тағдырын шешкен әлеуметтік теңсіздік жағдайлары ашық көрсетіледі.

Ал осы романда нақты қандай түйткілді мәселелер көтерілген? Қазақ қызының рухани өміріне қатысты қандай оқиғалар орын алады?

Ескі заманның шырмауында қалған қазақтың көзін осындай қазақ қыздарының алдыға суырылып шығып, өз теңдігін сұрауы ашқандай болады. Алайда бұл шығармада тек қана ата ана қарсылығы емес, сонымен қатар қызды адам емес тауар ретінде көретін, оны қалыңмалға айырбастайтын ашкөз, сараң адамдардың бейнесі де ашылады. Мысалға, туған әкесінің билік үшін қызының өмірін күлге айналдыруы; оның сезімдерімен санаспай, бірін бірі жаралған қос ғашықты айырулы мен опасыздыққа жатқызар едім.

Менің ойымша, Міржақып Дулатов өз туындысында Жамал қыздың тағдыры арқылы, тар заманның шынайы бет бейнесін, халықтың сол кездегі жағдайының бәрін ашып көрсеткендей. Себебі, романда Сәрсенбай мен Жамал арасындағы, юай мен кедей деп бөлінген таптық өкілдердің арасында қарама қайшылықтар мен адамдардың рузани жағынан емес, байлығына қарап бөлінуі, адами қасиеттерді бағаламауы шынайы көрсетіледі. Сонымен қатар, заманының кесірінен өзгерген әке мінезі осыған дәлел болады. Міржақып оны басында; «Момын, мал баққан кісі» деп суреттесе, бірте бірте ол да байлықтың буына масайрап, тіпті өз қызын табан астына салып, тағдырының күл талқанын шығарған еді.

Қорыта келе, халқының халі үшін ширығып, жан беруге даяр болған қаламгер М.Дулатовтың романында сол уақыттағы қазақ халқының тұрмыс тіршілігі мен салт санасы бір адамның тағдырымен байланыс тапқандай. Жамал қыздың басынан өткен оқиғалары арқылы біз, қазақтың сол кездегі рухани өсу жолы мен кері кеткен замана шындығын анық тани білдік.

№37 Ж.Молдағалиевтің «Мен – қазақпын» поэмасында ұлттық құндылықтарды дәлелдеп жазыңыз.

Ж.Молдағалиевтің ақындық даңқын көтеріп,оның есімін әдебиет әлеміне енгізген шыңармасы - «Мен - қазақпын» поэмасы Өткен ғасырдың 70-ші жылдары жарық көрген туынды қазақ ұлтының өзі туралы поэмалық жариялауы болды.

Бұл поэмада ақын қазақ халқының өткен өмірі мен тағдыры жайлы лирикалық-публицистикалық стильде толғана жырлады.Қазақ халқының ұлттық екершеліктерін ашуда,оның ерлік дәстүрі,туған жер мен ел,оның байлығы,адымдары жайлы асқақтата көркем деп жырлап білді.Әсіресе,еліміз егемендік алып,қазақтығымызды,оның азаматтық жолындағы «Мың өліп,мың тірілген» күндерін еске алғында,Жұбан аға жыры тым бүгінгіше естіледі.

Мен – қазақпын,мың өліп,мың тірілген,
Жөргегімде табыстым мұң тілімен,
Жылағанда жүрегім күн тұтылып,

Қуанғанда күлкімен түн түрілген,-деген өлең жолдарында ақынның қазақтық,азаматтық,патриоттық намысын бірден танимыз.Өзінің «Қазақ» екенін ағынан жарыла ерекше шабытпен жырлауы – оның ерекшелігі бір көрінісі десек қателеспейміз.

Ақын қазақ халқының сан ғасыр бойында ауыр азаппен өткен тағдырын еске түсіреді.Қазақ елінің талай шапқыншылыққа ұшырағанын,бірақ залық бәріне төтеп беріп,елдігі мен салтын сақтап қалғанын мақтана асқақтата жырына қосады.

...Қарсыласпай өлмедім,қан татырдым,

Құлап қалсам атымнан қайта тұрдым,

Сансыз басты дидай сан сүміріп,

«Мен - қазақпын» дегенді айта тұрдым»,- деп,оқырманды жігерлендіре түссе,енді бірде қазақтың ән-күйінің құдіретін өзгеше бір үнмен суреттейді.

...Күй емеспе,батасыз нар идірген?

Ән емес пе,аққудай жар ілдірген?

Жыр емес пе,жүрекке жел бітірген?

Олар барда қалайша тарылды іргелі?- деп қазақ халқының ән-күйінің даралығын паш етіп,мұндай өнері бар халықтың ешқашан мойымайтынына үлкен сенім артады.Поэманың келесі бір шумағында:

Ұлы аманат етейік еркіндікті,

Ел құлдықты білмесін, жер күндікті,
Аңсаймын мен, сенемін, туады ертең
«Қазақ болу – зор бақыт» дер күн тіпті, - деп бүгінгі егемендікті жыр еткендей
әсерге бөлейді. Ақын болашаққа сенеді. Сондықтан да ол ақынша желпіне, көңіл күйдің
ырқына беріле жырлайды.

Мен – қазақпын, биікпін, байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге қайта келдім
Мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске -

Айта бергім келеді, айта бергім, - деген өлең жолдары бүгінгі күн үшін
айтылғандай сезімін, ақындық даңқын көтере түседі.

Қорыта келе, қазақ болып өмірге келіп, сол қазақтың жоғын жоқтап, қуанышына
ортақтасуды осы өлең арқылы танытпаймыз. Ұлан ғайыр еліміздің бірлігі мен
ынтымақтастығын сақтап, болашақ ұрпаққа көздің қарашығындай қалдыруды бізге
Ж.Молдағалиев өсиет етіп, бойымыздағы патриоттық рухты оятып кетті.

№38 С. Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңіндегі нағыз досқа тән қасиеттерге өз көзқарасыңызды танытып, сыни талдау жасаңыз.

Сыр сандық өлеңі 1926 жылы жазылған. Ақын өлеңін 1923 жылы Қызылжар қаласында
болған жағдайға байланысты туған. Сәкенді бір сапарында вокзалдан күткен досы
Шәріпжан Потаев аяғын сындырып алады. Бірақ кейінгі тағы бір кездесуде Сәкенді
танымайды, шақыртқанына келмейті. Сонда көңілі қалған Сәкен ақын: «Үлкен шенділерге
табынғыш, жарамсақ. Былтыр күтіп, аяғын сындырған дос сымағым ұлық болсам, шырқ
айналар соқыр тауық болғаны ма?» дегенді ойлапты. Жалған достар қолыңда жемің болса,
сені шыр айналып қасыңнан кетпейді. Ал қолыңнан билік кетсе, жемің таусылса, ол жалт
береді. Ол дос емес, жалған дос. Нағыз достар сырын ақтарып, бірін-бірі ұғынып, сыр
түйінін берік сақтайды. Ондай достардың жан сарайы, жүрегі берік қойма тәрізді. Оны
ақтаруға кез келгеннің қолы жете бермейді. Тек достың досы ғана ақтара алады. Сәкен де
сағына сырласатын нағыз дос іздейді. Ақын досының ішкі сырын Сарыарқаның биік
шыңдарына, оның қалың нулыорманы, мұз бұлақтары мен табиғи байлығына теңейді. Сол
тауда биік шың бар, онда қымбат жасау бар, сол асыл бұйым, ғажап перне, сен оның кілтін
тауып аш та, сым пернені басып қара, дұрыс бассаң ғана сырын ақтара аласың. Ақынның
суреттеген қоймасы - досының жан дүниесі, жүрегі. Ал осындай адал досқа қандай
қасиеттер тән? оны біз қалай бағалай аламыз?

Қазақтың дәстүрі әдеп жүйесінде достыққа үлкен көңіл бөлінеді. "Дос жылатып айтады,
дұшпан күлдіріп айтады", "Досы жақсының өзі де жақсы", - деген мақал-мәтелдер де
жеткілікті. Достыққа қарама-қарсы ұғым - қастық пен күншілдік. Мұндай сезімге ерік
алдырғандар басқаның қуаныш-қызығын, ырыс-бағын көтере алмайды, дос дос дегеннің
не екендігін білмейді. Дұрыс дос таңдай білу - өмірлік мақсаттардың бірі. Егер қасыңда
жақсы досың болса, сен өмірдегі бақытты жанның бірісің. Жақсы дос сені ешқашан
жарты, жолда қиыншылықта тастап кетпейді. Ол сенімен бірге өмірдің ыстық-суығына
төзіп, нағыз достықтың үлгісін көрсете біледі. Ал қазір бізге достық бұрынғыдан бетер
қажет. Достық бұл өмірдегі ешнәрсемен бағаланбайтын құндылық. Дос табу оңай, ал оны
сақтау қиын. Достық қатынасқа нәзіктікпен қарап, берік сақтау керек.

Менің ойымша, ол да баптауды қажет ететін нәзік өсімдік сияқты. Біздер достықты
сақтау үшін жан-тәнімізбен еңбектенуіміз қажет. Қайтарымын қажет етпей, берудің

жолдарын үйрену керек. Сенім мен жарқын көңіл - достықты берік ететін тірек саналады. Өзі шынайы дос бола білген адамның достары да көп болады және жер бетінде өзін жалғыз сезінбейді.

Қорыта келе, менің осындай сырлы сезімге толы өлеңді оқи отырып, менің түйгенім: досты өмірде табу қиын, ал тапсаң сақтап қалу қиын болады. Сол үшін де ең алдымен өзіңді тәрбиелеп, досты бағалай білу керек.

№39 М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» драмасындағы сөз бен мінез (характер-адамның ішкі сипаты) жасаудағы шеберлігін дәлелдер арқылы талдап жазыңыз.

«Еңлік-Кебек» драмасында кейіпкерлер бойындағы сөз бен мінез шеберлігі айқын берілген. Айшықты мінез бен орамды сөздер арқылы кейіпкерлерді әсерлендіре түседі. Мұнда кейіпкерлердің адалдығын, сертке беріктігін, сөз қолданысы мен мінез үйлесімділігін ашып көрсетеді.

Осы драмада өз бақытын табудың жолын іздеген екі кейіпкер де бірін-бірі сырттай естіген, әрқайсысы өзіне лайық тек сол болар деген ойға пайымдаумен көрерменді қызықтырады. Автор неге Еңлікті тек батырға лайық жар етіп суреттейді? Еңлікті сөзі ұтымды, ақылды, басынан сөз асырмайтын ер мінезді қызға тек өзіндей батыр ғана тең екенін көрсеткісі келеді.

Драма кейіпкерлерінің махаббат үшін күресін ішкі жан әлемінің тілдесуінен көреміз. Оны Кебектің Абызға айтқан мына сөздері: «...Жарқыраған күн де дос. Тұнжыраған түн де дос. Бәріне де жаным шат! Сауық құрам – ән сүйем, саят құрам – аң сүйем, жалын ұрам – жар сүйем...», - деген сөздері жалынды махаббатқа бөленген, ыстық сезімін көрсетеді. Екеуі жартас басында Кебектің аңшылық құрып жүргендегі кездесуінде іштей ұғынысады. Автор осы жерде неге Еңлікке сөз бастатып, үйіне қонаққа шақыртады? Ондағысы екі жастың көңілін жарастыру. «...Анық Кебек сен болсаң, өзім де айтар жайым бар. Жүр Батыр! ...Аз сөзіме көңіл бөл. Көрінгенге көз сүзген әлдеқандай деме, Кебек...», - деген сөздерді арқылы қыздың бас қайғысын бөлісетін, үлкен сеніммен нағыз арқа сүйер адал жанды тапқандықтан айтқанын білеміз.

Кездесе жүріп, екі елдің рұқсат бермейтінін біліп, қашуға бел буады. Сондағы Кебектің монологі: «...Жазығым жар сүйгенім болса, бердім барды Еңлігімнің жолында...», - деуі арқылы белді бекем буғаны белгілі. Еңлік сахнада көрінгенде Кебектің «Келші жаным, күпті қылмай, сертіңменен келдің бе?»,- дегеніне Еңліктің «Келдім, батыр, бар тілегім жолыңда...», - деген сөздермен жауап қатуынан махаббаттың жолында үлкен құрбандықпен табысқан екі жасты көз алдымызға әкеледі.

Драма кейіпкерлерінің өн бойы, сөйлеу тілі – әдеби көркем тілге, бейнелеу әдісіне, қиял қанатын қияға сермер шеберліктің ерекше бітімін танытқан. Артында қалып бара жатқан ата-анасын қимастықпен қоштасуы өлең жолдарымен айтылады.

Қорыта келгенде, «Еңлік-Кебек» драмасы бірін-бірі сүйген екі жастың сертке берік, қайсар мінездері мен өмір үшін арпалысын көрсетеді. Көрерменге үміт пен ізгілік таратады. Екеуінің адалдығы мен шынайылығы кейінгі ұрпаққа үлгі деп ойлаймын.

№40 Бүгінгі жастар бойынан Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» өлеңіндегі ақын сынаған ұл мен қыз тәрбиесінің өзектілігі туралы ойларыңызды талдап жаз.

Жастар- еліміздің ертеңі мен болашағы, келер күннің айнасы. Бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесі өзекті мәселелердің біріне айналған. Расында, заман көрсеткіші жастар болса, бұл біраз ойланарлық мәселе. Қазіргі таңда, көркем мәнездә яки ерсі мінезді жастарды тез ажыратып, тануға болады. Жастар мәдениеті мен әдебі екі топқа бөлінді десек қарсы пікір болмас.

Менің пікірімше, бұл бұрыннан қалыптасқан, жастар өз мінезіе заманымен ұштастырып, сан-қилы бағытта өркендетеді. Мәселен, Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» өлеңіндегі ұл-қыздардың қылықтарын кездестіруге болады ма? Екі заман кезеңіне салыстыра талдау жасайық.

Біріншіден, бүгінгі жастар бойындағы немқұрайлылық пен жағымсыз қылықтарын қарастырайық.

Жастардың мәдениетіне тосқауыл қоятын бірден-бір себеп-тілдің шоршақтығы, мәдениеттен жұрдай болуы және надандық. Шортанбайдың өз өлеңіндегі айтпағы да осы еді.

«Ұл-қызыңнан үміт кетті,

Айырылдық құда, досыңнан»- дей отырып, өз заманасының жастары қараңғы екендігіне ой тастайды

Екіншіден, жастарымыздың, яғни, ұл-қыздарымыздың бір-біріне деген қарым-қатынасы. Мәселен, қазіргі ұл балалар қыздарды бұрынғыша құрметтеп, аялап қарамайды. Әрине, бұған себепші қыздардың өзі.

Жамандықтың белгісі:

Ұлдың көңілі бір бөлек,

Қызыңның көңілі бір бөлек,

Өзіңнің көңілің бір бөлек...,- деген өлең шумақтарынан-ақ зар заманша ұқсастықты байқасақ болады.

Үшіншіден, салыстыра қарайтын болсақ, сол қаман жастарының надан болуының бірнеше себептері бар. Ол – орыстарды отаршылық саясаты. Ал, бүгін ше?! Бүгінгі жастар азат елде, бей-қам өмір сүруде. Олай болса, бүгінгі жастардың «зар заман» жастарынан үлкен бір кемшілігі осы.

Жалпы, қорытындылай келе, екі заман легінің ұл-қыздарының қалықтарын салыстыра отырып, мынадай шешімге яки тұжырымға келдім десек болады: заман қандай болсын, жастар бәрі бір жақсы жіне жаман болып бөлінуін доғармайды. Бүгінгі жастардың бойынан «Зар Заман» өлеңіндегі ақын санаған ұл мен қыз қылығы кездеседі.

Негізгі түйінге тоқталар болсақ, ұл мен қыздарымыздың көзін ашып, зар заман өтіп кеткендігін аңғартуымыз керек.

№41 Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Ғибратнама» өлеңіндегі астарлы ойды сыни көзқараспен талдап жазыңыз.

Адамзат қоғамының осы уақытқа дейін ұлы құндылығының бірегейі-адамгершілік. Сол адамгершілік атауының тамырына нәр берген құтты құнар қайырымдылық пен мейірімділік. Егер адамның бойында мұндай ізгілік болмаса, біреуге біреу ақ сезіммен, таза пейілмен жан шуағын төкпесе, тіршіліктегі жамандық атаулының тоңы жібімейді. Осындай

ойға қонарлық, үлгілі, өнегелі, сөздерді асыл мағынада Мәшһүр Жүсіп Көпеев атамыз қалдырып кеткен екен.

Атақты ақын, ғұлама оқымысты Мәшһүр Жүсіптің көп қырлы талант екені елге мәлім. Қаршадайынан оқыған, оқып қана қоймай, көңіліне мол дүние тоқыған білімдар адам болғаны анық.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Гибратнама» өлеңінің астарлы ойы, менің ойымша, адамгершілік пен мейірімділікке арнап жазылған. Бұлбұл мен Қаршығаның өзара үдеуіне ақын атамыз "Адамның да ішінде адалы бар", - деген сөзге келістіргендей. Кіп-кішкентай гүлге ғашық болған парсының «Сандуғашы», қаршығаның жанында бірдей болса да, айырмашылығы неде? - деп сұрайды. Қырағы құс қаршығаның жауабын оқи отырып, өзімше түсінгенім: Адамға, ұят, иман, сабыр-қазық,

Қанағат, рақым, шапағат өмірге озық
Ақыл, ой-ар, намыстың күзетшісі
Бұған сенсең кетпейсің жолдан азып.

Адам ешқашан жаман болмайды. Адамның мінез-құлқы, іс-әрекеті жаман бола алады. Адамдардың ішінде мінезі қатып қалғаны да болмайды. Істеген әрбәр ісі, сөйлеген әрбәр сөзі тікелей адамның өзіне байланысты немесе өзінің жүріп-тұрып жүрген ортасына байланысты. Өз ортаның елеулі де, сыйлы мүшесі болғың келсе, ең алдымен, адамгершілікке, мейірімділік пен қайырымдылыққа жақын болу керек. Осы қасиеттер арқылы өзіңді ғана емес, қоршаған ортанды да өзгерту қиынға соқпайды деп ойлаймын. Осы өлеңді оқи отырып, бұлбұлдың жауабын талдау арқылы жазылған «Гибратнаманың» қазақылық әсері мол екенің байқадым. «Тізе бүгіп тірі жүргенше, тік тұрып өлген артық» - деген сөзі есіме түсіп кетті. Бір жол өлеңнің мағынасы сондай зор...

Ойымның соңында, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ретінде Абай атамыздың сөзін қолдансам деймін. «Адамның жақсысы-адамға сүйіспеншілікпен қарайды», - демекші адамның жақсысы болайық! Ынтымағымыз бен бірлігіміздің, адамгершілік пен сүйіспеншілігіміздің күшімен одан әрі көтеріп, өзге елдің алдында үлгі болайық!

№42 Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасындағы адалдық сезімге қатысты өз пікіріңізді білдіріп, талдап жазыңыз.

Әлеуметтік тақырыпқа ден қойып, ағартушылық, ұлт азаттық, демократиялық бағытты өмір соңына дейін ұстанып өткен атамыз Мағжан Жұмабаев еді. Бұл жазушының қыл қаламынан небір кереметтер жарыққа шықты. Әр шығармасымен таныса отырып, өзім үшін жаңа ақпараттарды тани отырамын. Ең бір көңілімнен шыққаны ақынның «Батыр Баян» поэмасы.

Батыр Баян шынайы, тарихи кейіпкер. Туынды да батыр басынан өткен ауыр жағдай суреттеліп, сипатталады. Мазмұнына тоқтала кетсем, Баян қалмақтармен соғыста жеңіп, Құралай атты қалмақ қызын тұтқын ретінде алып кетеді. Алайда ол Құралайға ғашық еді. Сонымен қоса, Баянның туған інісі Ноянның да көзі қалмақ қызына түседі. Қыз Ноянды пайдаланбақ болып, жеке бас пайдасын ойлайды. Ночн екеуі Құралайдың еліне қашпақ болғанда, Баян ашуға мініп, арттарынан ереді. Ақыр соңында батыр туған інісін және өз

ғашығын өз қолымен өлтіруге себепші болады. Мінекей қысқаша мазмұны осындай. Бұл шығармадан адалдықтың қандай түрін байқауға болады? Ол қалай берілген?

Менің ойымша, бұл туған елге деген адалдық. Адалдық сезімінің күштілігі мен беріктілігі соншалықты, тіпті ағасы қаны бір туған бауыры мен аңсары ауған ғашығын өлтіруге дейін барады. Біржағынан Баян батырды қолдаймын, шыныменде, елі мен кіндік қаны тамған жері үшін осындай әрекетке барды деп түсінемін. Ал екінші жағын алып қарасақ, туған інісін өлтірмеу үшін басқаша бір амал қарастырып, Ноянды өзге елге қашып кетпеуінің алдын алуға болар ма еді деп ойлаймын...

Қорыта келе, Мағжан атамyzдың осы шығарма арқылы бізге жеткізгісі келгені, туған елдің және отбасы мен жақынның әрқайсысының өз орны бар. Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді демекші, жаман қасиеттің алдын алып, алаш қамы үшін соншалықты үлкен қасіретке баруы, нағыз елге деген адалдық пен патриоттық сезімнің көрінісі. Сонымен қатар, мен Ноян батырдың бақилық болуын қаламасамда, оның қыз соңынан еріп, сатқындық жасауын бәрібірде дұрыс әрекетке баламаймын. Дәл Баяндай батыр бабаларымыздың арқасында, еліміз ел болып, керегесін берік ұстап, алаш ұрпағы деген мәртебелі атқа лайық ел болып келе жатырмыз.

43. М.Мақатаевтың «Ару-ана» поэмасындағы Құрман ұмтылған бақыттың – бостандық екендігін дәлелдеп жазыңыз.

Қазақ поэзиясында жарқын із қалдырған дарында ақындардың бірі Мұқағали Мақатаев еді. Ол – өзінің жазу шеберлігімен қатар өлеңдерінде жан дүниесінде датқан сырлы атқаруымен ерекшеленетін дара тұлға. Оның поэзиясы адам табиғатын толқыған сәтте көкірегінен сыр болып сыңғырлап төгілетін немесе қамыққанда шыңыраудан алып шығатын, күйзелгенде жаныңа қуат беріп, көкіректі нұрға бөлеп, шалқитын шынайы тебіреніс рухтың мөлдірлігін, тереңдігін танытатын ерекше құбылыс. Соның бірден бір дәлелі – «Ару ана» поэмасы.

М.Мақатаев шығармашылығында назар аударарлық, көңілге біртүрлі ой салдырып, өзіне еріксіз тартатын поэмасы – «Ару ана» еді. Бұл поэманың сюжеті де өзгеше бағытқа құрылған. Себебі, бұнда заманында қарақшы атанып, елден жырақ, таудағы үңгірді мекен еткен Құрман тағдыры жайлы оқиға өрбиді. Поэмада жұрттан жырақ өмір сүрген жанның тағдырына назар аударарлық түйткілдер берілген. Ақынның алымын да, қарымын да айқын аңғартатын осы шығармада көркемдік нысана да, дәуірдің үстем талабына бейімделуге мәжбүрлік те аңғарылады. Шығарма арқауына айналған өмір шындығына зер салсақ, бас кейіпкер Құрманның айналасындағы, қоғамдағы барлық адамға, заманға ашынуы көрініс тауып, ал бұған кінәлі отырған ортасы еді.

«Мекені жоқ, елі жоқ тұрақ қылған.
Жерді төсек, жұлдызды шырақ қылған.
Кезбе өмірі делбе етіп кер кедейді,
Кез келген қиырларға лақтырған...»

деп Құрманның өмірі осылайша суреттеледі. Алайда ақынның осы кейіпкері неге елден жырақ өмір сүруді қалайды? Құрман ұмтылған бақыт осындай бостандық па?

Менің ойымша, Мұқағалидің Құрман өмірін негізге алуының себебі – жұрттан бөлек, елден ерек тағдыр иесін көрсету, сол арқылы өз аңсарын бейнелеу деп ойлаймын. Ал Құрманның осылай айналасынан түніліп, баз кешіп кетуінің бірден бір себебі, айналасындағы болып

жатқан арам істері, озбырлығы мен зорлығы болып отыр деп ойлаймын. Сондықтан да Құрман ашулы да ашынулы. Өйткені қайда барса да алдынан шығатыны қорлық, адамдардың теңсіздігі, біріне бірі қайырымсыздығы себепкер. Жүрегінің оты бар Құрман сияқтылар қашанда бостандыққа құмар келеді. Себебі, бостандық олар үшін теңдессіз бақытқа тең. Ешкімге тәуелді боп, табанын жалағысы келмейді. Ашу мен ашынутан айбаттанған Құрман, кектен қайраттанған ол, тіпті, қошеметшісі, қолдаушысы көп байдан да тайсалмайды. Өз бақыты үшін күресу жолында ол қаймықпастан жесір қызды алып қашып, жұрттан алыс таудағы үңгірде ғұмыр кешеді. Ал оның Жамалмен бірге өмір сүруі еркіндікке құштарлықтан туған қайрат еді. Ол үшін бақыт – бостандықта.

Қорыта келе, еркіндік үшін қанжығадан күрісуге бейіл Құрман тағдыры ақынның аңсарынан туған ниет десекте болады. елден жырақ өмір сүру ол үшін бақыт екендігін Мұқағали түміндіре отырып, қоғамда ондай адамдардың бар екендігін және бағзыдан бүгінге ұласып, үзілмей келе жатқан құштарлық, ұлы арман бұл туындыда өмірлік шындық арқылы өрнектелген.

44. Ұлы Абайдың «Бірінші қарасөзі» мен «Масғұт» дастанының арасындағы үндестікті тауып, талдап жазыңыз.

«Абай дана, Абай дара қазақта...» Міне, бұл сөздер бүгінгі жастардың да егде тартқан кәрілердің де мақтанып, кеуде соғып айтып жүретін ұранына айналған. Иә, бұл рас әрине! Қара сөздің майталманы, өлең атаулының жігін шағып, майын ішкен ұлы ақын Абайдан алып тумас, бәлкім.

Ақынның бізге қалдырып кеткен мұраларынан елеулі орын алатын шығармаларының бірі қара сөздері болса, ал екіншісі поэмалары еді. Оның ішінде: «Масғұт», «Ескендір» және аяқталмай қалған «Әзім әңгімесі». Бұлардың барлығы да ақынның лирикадан оқиғалы, көркемдік желісі қалыптасқан шығарма жазуға ойыса бастаған кезеңін танытатын маңызды еңбектері еді. Сонымен қатар, ақынның Шығыс ақындарын жете танитындығын, жазба әдебиеттің негізін салушы екенін танытып тұрғандай.

Абайдай дарынды тұлғаның шығармаларын оқи отырып, оның «Масғұт» атты поэмасы мен адамға тұшымды ой қалдыратын бірінші қара сөзінің арасында ұқсастық пен ойлардың үндестігін байқадым. Оның себебін анықтау үшін алдымен бұл шығармаларды талдап көруді жөн көрдім.

Ақын бүкіл ғұмырында көрген білгенін жинақтай келе, гуманистік көқарасты негізге алып, адам бойындағы қасиеттер арқылы жастарды тәрбиелеу мақсатында, ізгілікке жетелейтін «Масғұт» поэмасын жазады. Бұл жаңа идеялық көзқарасқа негізделіп жасалған шығарма болып табылады. Мұнда ақын өз поэмасының негізгі кейіпкері Масғұтты адамның адамдығын танытатын адамгершілік үшін күрескер етіп көрсетеді. Ақылы мен парасаты мол адамның мінез құлқын, көркем мінезін көпке үлгі етеді. Поэманың негізгі идеясында әйелді қоғамның ерлерге тең мүшесі санау арқылы, адамдардың бәрі тең екені, олар тек өздерінің бойындағы асыл қасиеттері арқылы дараланатынын жеткізеді. Оқиға желісі бойынша Масғұт қызыл жемісті таңдау арқылы өзінің достық, адамгершілік пен адал іс әрекетті құптайтынын танытады. Бізге беріліп отырған Абайдай дарынды тұлғаның «Масғұт» атты поэмасы мен адамға тұшымды ой қалдыратын бірінші қара сөзінің арасында қандай үндестік бар? Оларды не байланыстырады?

Ақынның өзі көрген өмір сабақтары туралы ойларын, содан туындайтын даналық, философиялық түйіндерді жинақтаған қара сөздері мен ақынның ақылынан, ой түйінінен туған поэмасының рухани байланысы бар. Себебі, біріншіден бұл шығармалары Абай шығармаларының елеулі саласы, әрі нақыл сөздерімен мазсұндас, идеялас, бірін бірі толықтыра түсетін шығармалар болып табылады.

Менің ойымша, бұның екінші себебі – поэмада да, Абайдың бірінші қара сөзінде де адал достық, адамгершілік пен көркем мінезді дәріптей отырып, адамды рухани байытатын осы қасиеттер екенін танытады.

Үшіншіден, екі шығармада да Абай оқырманға ой тастап, тереңнен толғаған мәселесінің бірі адамның адам болуға үйренуі, естілікке ұмтылып, кәсіпке мойынсұнуы, дағдыны дамыту жайлары туралы өнеге қалдырады.

Қорыта келе, жастайынан ақындыққа ұмтылып, бар ғұмырын халыққа қызмет ету жолына арнаған Абай қаламынан туған поэма мен қазақ әдебиетіне жаңалық алып келген қара сөздерінің арасында ерекше байланысы бар екенін тани түскендейміз. Олар ақынның тереңнен толғаған озық ойларының шынайы туындысы болумен қатар, көңілдегі көрікті ойдың өңін қашырмай бізге жеткізе отырып, бұл туындылар арқылы тәлім тәрбие алғандаймыз.³

№45 Алаш ардақтылары көтерген ұлттық идеялардың бүгінгі күні жүзеге асқандығын дәлелденіз.

«Алаш идеясы» - қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы. Алаш ардақтыларының көтерген ұлттық идеяларының қазіргі таңда жүзеге асқандығы қаншалықты көрініс тапқан? Бұл өзекті мәселе болғандықтан, жан-жақты талдауды қажет етеді.

Алаштықтардың «Алаш» атауын таңдауы да жайдан-жай емес. Алаш жаңа елдігіміздің, байырғы аймағымыздың рәмізі еді. XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол – Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеямен байланысты. Міне, осы тұста алаштың серкелері – Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлын тілге тиек ете аламыз. Алаш ардақтыларының армандаған өзекті мақсаттары: бірінші – ұлттық болмысымызды сақтау, тәуелсіз ел болу; екіншісі – ұлттық тарихымызды ұлықтау; үшіншісі – туған тіліміздің мәртебесін көтеру. Оған дәлел ретінде қозғалыс көшбасшысы Ә. Бөкейхановтың жобасы бойынша, мемлекет толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізілуі тиіс болған. М. Дулатов «Оян, қазақ!» деп жар салса, Алаштың тағы бір қайраткері Х. Досмұхамедов «Өз тілін өзі білмеген ел – ел бола алмайды. Тілінен айрылған жұрт – жойылған жұрт» депті. Қазақтың елдігі мен тұтастығын аңсаған Алаш қайраткерлерінің идеясының бір дәлелі – бүгінгі таңда мемлекетіміз тәуелсіз ел болып, 20 жыл ішінде әлем таныған, мойындаған ел болдық. Н. Назарбаевтің «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында алаш ардақтыларының идеясының жалғасқандығын айтады. Менің пайымдауымша, Елбасы Алаш зиялылары арманын іске асырды. XX ғасырдың 90-ыншы жылдарының басында тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасының қалануы. Көк байрағымыз желбіреуі, бүкіл әлемді мойындатуы. Өз тіліміз,

дініміз бар. Алаш арманы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан! Ендеше, біз, әрбір азамат осы жүз жыл бұрынғы ұлттық ұлы идеялардың бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның да негізі ретінде берік орнығуына үлес қосуға тиіспіз.

Қорыта айтқанда, Алаш ардақтылары көтерген ұлттық идеялардың бүгінгі күні жүзеге асқандығының дәлелі - Мәңгілік Ел. Демек, «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» дейтін біз үшін ол әрқашан қазақ идеологиясының темірқазығы болып келді, бола береді де. (270)

№46. Әркім «Бақыт» дегенді әр түрлі түсінеді. «Бақыт» деген не? Ойыңызды дәлелдермен негіздеп жазыңыз.

Кез келген адамнан оның өмірдегі ең қалаулы нәрсесі не екенін сұраңызшы. Ең көп таралатын жауап: « Мен тек бақытты болғым келеді ». Менің ойымша, біз бәріміз сол үшін бұл дүниеге келгендейміз. Бірақ бақыт деген не? Оны қалай сезе аламыз?

Меніңше, ең бастысы шынайы бақыт – біздің өмірімізде жабырқау мен қайғы қасіреттің болмауында емес, қуаныш пен қанағатты сезіне біліп, өмірге шаттануда.

Жүрегімде махаббат ән тербейтін,
Бағалайық бақытты, жан тербейтін.
Мұңға батып қалмасын, көңіл бекер
Оралмайды жан құрбым, өмір өтер, -

деген Қ.Жүнісовтің «Бағалайық бақытты» өлеңінің жолдары мені күн сайын жаңа белестерді бағындыруға жетелейтін күш іспеттес. Өмірдің қайталанбас сәттерінен ләззат алып, қиындықтармен кездескенде мойымай, онымен күресі бақыттың бір қыры.

Осы өмірде мен үшін әрқашан бақытты жабырқап жүрген сәттеде сыйлайтын адам бар. Ол – менің қадірлі анашым. Дүние де ана махаббатынан қасиетті де құдыретті нәрсе жоқ. В.Гюго айтқандай: « Нәзіктік атаулының жиынтығы ананың алақаны, сондықтанда ол сәби үшін ең жылы ұя». Расында да, менің анам мені құшақтап, құшағына алған кезде мен әлемдегі ең бақытты адам екеніме күмәнсіз сенемін. Сондай-ақ, біз үшін барын салып жүрген асқар тау – әкем. Сонымен қатар, бауырларым, олардың менің көңілімді аулауы, көмектесуге тырысқандары, мені бақытқа бөлейді. Яғни, бірінші бақытым – бұл менің отбасым.

Бақыт деген - адамдар үшін өмір сүру және оларды өзінің жылы шуағымен бақытқа бөлеу. Сөзімнің дәлеліндей, қарапайым мысал алып көрелік: ауыр шелектермен келе жатқан қарт әжеге көмектесу, сонымен қатар қарттар үйіне келіп қарт адамдардың бір сәт болса да, көңілін аулаудың өзі бақыт емес пе? Барлық игі істер сенің жүрегіңдегі тыныштық, нағыз адамгершілік сезімдерін оятады. Сонда сенің жан дүниең тазарып, бақытқа бөленесің.

Қорыта келе, адам өмірде бақытты болуға лайық. Болуы да керек, тек оны қатты аңсауы, қол жеткізуі әр адамның өз қолында. Менің бақытты немесе бақытсыз болуым сыртқы жағдайларға емес, өз ойыма, көңіл күйіммен қатар жүрегімнің тазалығына байланысты. Ендеше, мен өз ойымды, яғни өз бақытымды басқара аламын. Шынымен, мен бақыттымын, өйткені мен өзімді, өз мүмкіндіктерімді бағыттап, бақытқа жетудің қадамдарын өзім қалай аламын. Мен өзіме, жақындарым мен достарыма, болашағыма сенемін.

Сөзімнің соңында М.Мақатаев өлеңімен аяқтасам деймін:

Бақыт деген әркімдерге бір арман
Сол арманның шыққан жері құмардан
Ал сен үшін бақыт деген дәл қазір,
Бақыт жайлы жаза білген шығармаң.(300)

№47«Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін...»

Туған жер...Туған ел... Осы екі ғана сөзде қаншама мағына, қаншама ой жатыр десеңізші? Туған жердің қадірін әр адам әрқалай түсінетін шығар. Ал мен үшін Туған жер қадірі дүниедегі ең ұлы деген нәрсемен пара-пар. Себебі, ол – менің әлпештеген анам, аялап өсірген әкем, туған-туысым, аға-әпкелерім, мені білім жолына жетелеген ұстаздарым, сол білімге ұмтылу жолындағы тай-құлындай тебіскен жора-жолдастарым дүниеге келген жер. Менің Туған жерім, Отаным – кішкентай болса да, мен үшін аса қымбат әрі киелі ...(көп нүкте орнына өзіңіздің туған жеріңіз). Осы мекенде менің көңілді де шаттыққа толы, уайымсыз да бейкүнә балалық шағым өтті. Қызыққа толы балалық шағым өткен туған ауылдың ауласын еш уақытта ұмытпақ емеспін. Балабақшадағы күндерім... Мектеп табалдырығын алғаш аттаған күн... Сыныптас достарыммен алғашқы таныстық... Бәрі-бәрі қазіргідей көз алдымда. Осылайша мектеп табалдырығын аттаған күнімді көз алдыма әкелсем, бүгінгі білім ордасымен, санаптас достарыммен қоштасар сәттің жақындағанына да сене алмай қаламын. Әредік орта мектепті бітіруге санаулы ғана күн қалғанын, сыныптас достарымызбен жан-жаққа, Қазақстанның түкпір-түкпіріне білім іздеп кете баратынымызды, балалықпен қоштасуым тиіс екенін ойласам бітті – жүрегім атша тулап, қобалжып қоя береді. Енді әне-міне дегенше сүрлеу-соқпағы көп өмірдің үлкен белесіне аттанбақпын. Мен – жас түлекпін алға ұмтылған. Жас түлек – болашақ үлкен мамандық иесі, өмір атты керуеннің бір жолаушысы. Қалаған мамандығымның соңына түсіп, өмір-керуен қайда жетелесе – сонда жол тартпақпын. «Сен де бір кірпіш, дүниеге кетігін тап та бар қалан» деп қазақтың дара тұлғалы ақыны Абай атам айтпақшы, өмірден өз орнын тапқан дұрыс қой. Дегенмен «туған ауылымды тастап кете барамын» деген ойдың өзі менің киелі, құт мекеніме деген сағынышымды қазірден арттыра түседі. Туып-өскен жерім туралы толғанып, ой жетегіне берілген шағымда үнемі Авар елінің нағыз патриот ақыны Расул Ғамзатовтың мына бір шумақтары ойыма оралады да тұрады:

Қымбат маған елімнің бар даласы,
Балтық пенен Сахалиннің арасы.
Қайда болсам қиям оған жанымды,
Туған жерден қазсын бірақ қабірді.

Туған елге, Туған жерге, Туған тілге деген ыстық сезімнің үздік үлгісі мен үшін осындай болмақ. Отан туралы ой толғасаң, жан толғанысын айтып тауыса алмассың, сірә. Туған жеріне деген шексіз махаббатқа ие жүрегіммен өзімнің сыныптас достарыма алда тұрған үлкен сын – ҰБТ-дан сүрінбей өтіп, өзі сүйген мамандықтың иесі болуын тілей отырып, Туған жердің – қазақ елінің қадірін біле жүрейік дегім келеді.(340)

№48 Астана – асыл мұраттар мекені.

Қазақ жұрты әрдайым жарғақ құлағы жастыққа тимей, жауырынынан жел өтіп болашақ үшін күресумен болған. Оған дәлел біздің қиын да, ұзақ тарих жолымыз. Қатал тағдырдың қиыншылығына қарсы тұрған ата-бабамыздың жемісі – Тәуелсіздік күні болатын. Ал Астана

болса, сол тәуелсіздіктің шоқтығы биік жемісі деп ойлаймын. Астана жылдан-жылға көркейіп, жүзін көзінен өткендей құлпырып келеді.

Баянды бақытымның бастауындай,
Айналдым Астанаға аппақ арман.

Астана – қилы-қилы армандардың қаласы, жыл сайын мұнда иен тірескен жастар арман қуып келеді. Сол армандардың Астанада тоғысуы жай емес, осының өзі бас қаламызды тайдың атқан тасындай ерекше қылады. Оған дәлел жақында болып өткен ЕХРО көрмесі, ол да бір алысқа құлаш сермескен жанның арманының орындалуы деп ойлаймын. Бұл көрме қаламыздың көркіне көрік қосып, одан сайын ажарландырып, тек қана Астананың емес, бүкіл Қазақстанның мақтанышына айналды.

Жаңа Астана – ежелгі қазақ жерінің төрі. Жаңа Астананың қаласы да, адамдарының санасы да жаңа болуы керек. Астана – Отанымыздың жүрегі. Менің ойымша, Астананы жаңа қырларынан көру үшін он жылда бір рет емес, алты айда ел жаңа дейді ғой, жылына бір рет келсе де таңдай қағып сүйсінетіні анық.

Астананың тағы бір ерекшеліктерінің бірі – сән-салтанаты жарасқан зәулім ғимараттары мен елордамызды қақ ортасынан бөліп тұрған Есіл өзені. Бас қаламызды екі қанатқа бөліп тұрған бұл өзеннің өзі хас сұлудың бұрымындай айрықша әдемі. Ол сұлулықты талай ақын өз жырына қосып, таңданысымен бөліседі. Сол өлеңдердің біріне мысалы Б.Ысқақ ақынның туындысы бола алады:

«Есіл ағып барады, нұр жұмылып,
Жағада тал, терегі ырғатылып.»

Арманмен астарласқан аспаны, тарихпен біте қайнасқан тағдыры бүгінгі күні Астананы басқа қалалардан оқ бойы озат тұруға итермелеп тұрғандай. Шаңырағымыз Астанада тіктелсе, керегеміз басқа он үш қала арқылы қаланып тұрғаны сөзсіз. Ендеше, шаңырағымыз биік болуы үшін, керегеміз кең болуы үшін аянбай еңбек еткеніміз дұрыс болмақ.

№49 Табысты болу адамның бәсекелестік қабілетінің көрінісі.

Тіршілік бар жерде бәсекелестік бар екендігі анық. Жер бетіндегі кез келген тіршілік иесі бір бірімен бәсекелесе, бірін бірі шарт етіп, қарама қарсылықтың бірлігімен күн көріп келеді. Олай болса, күллі тіршіліктің ардақтысы саналатын адамдар арасында бәсекелестіктің орнауы мен дамуы басты табиғи әрі қажетті дүние деп білемін. Бір сәт ой жүгіртіңізші, егер адамдар саналы, ойлы болмаса, қоғам қалай дамиды? Ұлт пен ұлттың, ел мен елдің арасында бәсеке болмаса, адамзатқалай өркендейді? Сол себептен табысты болудың алғышарты бәсекелестік қабілеттің болуы. Сонда бәсекелестік қабілеттің бізге берер пайдасы қандай?

Елбасының биылғы жолдауында қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халық бәсекеге қабілеттілігін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алатынына ерекше тоқталған. Бұдан адамның бәсекелесе алуы тек бір адамға ғана емес, айналаңдағы, жалпы қоғамға пайдасының орасан зор екендігін айтқым келеді. Яғни, бәсекелестік тек саған ғана емес, өзгелерге де табыс әкелетіні сөзсіз. Сөзімнің дәлеліндей қарапайым мысал алайық. Мысалға мектептегі өмірді алсақ. Сыныпт үлгерімі деңгейлес балалар бір бірімен неғұрлым бақталаса оқыса, олардың құлшынысы оянып, көрсеткіштері мен нәтижелері соғұрлым жоғары бола түсетіні анық. Сондықтан болар бір бірімен жарыса отырып, өзгеге де, өзіне де жеңіске жетудің жолын ашып бере алады.

Менің ойымша, табысқа жету үшін, бәсекеге қабілетті болудың тағы бір тиімді жағы даму мен прогресс , алға ұмтылушылықтың байқалатындығында. Алдына нақты мақсат қойып,

мен жетемін деген адамдарда бұл үрдіс жылдамырақ жүретіні сөзсіз. Ал өзін өзі таба алмай, ісін бір бағытқа реттей алмай жүрген адамды бір сәтте табысты болуға итермелейтін көштен қалып калмайын деген сияқты ой алға жетелейді, тас қамаудан шығуға септігін тигізеді. Демек, тағы да бәсекеде берілмей, дамуға жетелейтіні анық.

Осыдан менің түйгенім, қазіргі 21 ғасырда бәсекеге қабілетті бола білу заман талабы болумен қатар адамның сана сезімі мен ақылы, білімі дамыған сайын жарысқа түсу құлшынысы күшейе түседі.

Қорытындылай келе, табысты болғың келе ме? Бәсекелестік қабілетінді ұшта. «Заманың түлкі болса, тазы болып шап» деген халық даналығы осы заманға арналып айтқандай.

№50 Ұлттық болмысты сақтау - рухани жаңғырудың ең басты шарты.

2017 жылы 12 сәуірде Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталатын мақаласында Қазақстанның болашақ дамуына байланысты бірқатар басым бағыттарды атады. Соның ішіндегі басым бір бағыт – «ұлттық бірегейлікті сақтау» мәселесі. Ол аса маңызды бағыттардың бірі екендігі анық.

Әлемдегі әрбір халықтың өзіндік ұлттық ерекшелігі бар. Мәселен, қазақ халқының көне замандардан бүгінгі күнге дейінгі тарихы, қалыптасу жолдары, материалдық және рухани мәдениеті, салт-дәстүрлері қалыптасқан. Ұлттық ерекшелік: тілі, салт-дәстүрі, діні және ұлттық құндылықтарына байланысты өзге елдерден бөлек ажыратылатыны айтпаса да түсінікті. Осы ұлттық өзгешелікті санау атам замандардан бері сақтап келген біздің ата-бабаларымыз Алтайдан Атырауға дейінгі аралықта ұлттық бірегейлікті қалыптастыра білді. Бірақ, қазіргі уақытта жаһандану үдерісіне байланысты қауіп-қатерлер де бар. Оған төтеп беретін әр ұлттың өзіндік болмысы (менталитет) мықты болуы қажет.

Қазақ елі ежелден текті халық. Себебі, ата-бабаларымыз жеті атаға дейін қыз алыспаған. Оның мәні ұрпақты таза сақтау үшін 25 жас бір ата деп саналса, 7 атаға дейін 176 жылды қамтыған уақыт өтуін аса қатаң тәртіп ретінде ескерген. Одан кейін Оңтүстік Қазақстанның қызы Солтүстікке, ал Батыстың қызы Шығысқа тұрмысқа ұзатылып отырған. Сол арқылы ана тілі дамып, ортақ бірегейлік сақталып, текті халықтың ажарлы және дені сау халық дүниеге келіп отырған.

Ұлттық код – деген күрделі ұғым. Оған қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған рухани-мәдени дамуы, тілі, өзіндік құндылықтары дәлел. Салт-дәстүр мәселесімен негізінен этнограф мамандар айналысады. Олардың елімізде бірқатар ғалымдар бастаған мектептері қалыптасқан. Бұл өте маңызды саланың бірі. Өйткені, тұтастай бір ұлт ретінде оның мәдениетін зерттеу және зерделеу, оны насихаттау жұмыстарын жүзеге асырады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы әлемде өзге елдермен қатар, терезесі тең тәуелсіз мемлекет. Еліміз өзіндік «Қазақстан жолымен» қарыштап дамуда. Алда талай асулар мен белестер тұр. Оны бағындыру тек рухы күшті, тарихи зердесі нық, жасампаз елдің ғана қолынан келеді.

Жалпы, қорытындылай айтқанда ұлттық бірегейлікті сақтау арқылы қазақ халқы өзге өркениеттер тегеурініне төтеп береді және біртұтас ұлт ретінде сақталады. Ол үшін қазақ тіліне, ұлттық салт-дәстүріне, материалдық және рухани мұраларға дұрыс мән беріп, оларға

құрметпен қарау қажет. Елдің болашағы жастар, оларға дұрыс ұлттық тәрбие беру керек. Жас ұрпақтың тарихи танымы күшті болса, ұлттық рухы да жоғары болады. Сонда ғана ұлттық «Мен» деген ұғым толық қалыптасады.

Ал, ондай ұлттың жастары кез келген жаһандық сын-қатерлерге бой алдырмай, өзінің ұлттық мүддесін қорғап шығатындығы анық. (350)